

Жаһандық диалог

6.1

Жылына 4 рет 16 тілде шығады

Ауа–райының өзгеруі саясаты

Герберт Досена

Оңтүстік Африкадағы күштеу демократиясы

Карл фон Хольд

Ынтымақтастық экономикасы

Пол Сингер

Кооперациялық балама

- > Үндістандағы ең көне жұмысшы кооперативі
- > Мондрагон кооперативтері
- > Грекияда делдалдарға қарсы күрес
- > Аргентинадағы жаңғыртылған кәсіпорындар
- > Ақыр заман әлде Капитализмнің соңы ма?

Латын Америкасындағы капиталистік игеру

- > Жаңа экстрактивизм дауы
- > Эквадордағы экстрактивизм Жаңа Өмірге қарсы
- > Мексикадағы қауымдар күресі
- > Аргентинадағы жаңа экстрактивизм

Еске алу

- > Владимир Ядов, 1929-2015

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association



Басылым 6/ Шығарылым 1/ наурыз 2016
www.isa-sociology.org/global-dialogue/

GD



Қоршаған орта және күштеу демократиясы

Ғалымдар ауа-райының өзгерісі туралы пікірталасқа түскенде су тасқыны, дүлей дауылдар, мұздықтардың еруі және қауымдастықтардың ыдырауы сияқты әлемдегі жылынуудың қауіпті салдары туралы жан түршігерлік жағдайларды айтады. Ауа райының өзгерісі саясатына назар аударған кезде ғалымдар ауа-райының өзгерісіне қарсылардың және оларға қолдау жасаушыларға немесе көпшілікке танымал қозғалыстардың дағдарысына бағытталады. Алайда жаһандық элитаның арасындағы күрес назардан тыс қалды. Соңғы төрт жыл ішінде Герберт Досена Жаһандық Диалог үшін БҰҰ ауа-райының өзгерісі туралы жыл сайынғы Рамалық конвенциясы туралы хабарлама дайындап жүр. Париждегі соңғы кездесуді (30 қараша-11 желтоқсан, 2015) сипаттай отырып, ол альянстардың өзгергенін, яғни конференцияның холлдарында басым элитарлық реформаторлар консерваторлық күштерді жұмсартуға тырысудан бас тартып, олардың орнына көшедегі радикалдардың арасынан мүмкін одақтасар іздеуде екенін жазады. Осыған қарамастан мәртебелі уәделерден басқа әлемді сақтау бағытында жақсы жетістіктерге жеткені туралы бірқатар нышан байқалады.

Осы шығарылымда нәсілшілдікке қарсы қозғалыстың ардагері және көрнекті әлеуметтанушы Карл фон Хольдпен сұқбатты беріп отырмыз. Ол Альф Нильсеннің Оңтүстік Африкадағы «күштеу демократиясы» және әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша шағын қалалардың күресі туралы зерттеуін суреттейді. Әрі қарай күштеудің жаңа түрлері қарастырылады. Маристела Свампа мен оның әріптестері Латын Америкасы үшін аса зиян, бірақ жаңа әрі аса белсенді экономиканы сипаттайды. Дамып отырған Қытай экономикасының аранын толтыру мақсатында трансұлттық корпорациялардың орасан зор пайдасы мен мемлекеттік қорлардың жұтауына алып келетін мұнай өндіруден сояның ауылшаруашылығы өндірісін қамтитын ірі жобалар жүзеге асырылуда. Аргентина, Мексика және Эквадордан түскен хабарламалар осы жобалардың жер, су және ауаны қорғауды көксеген әлеуметтік қозғалыстар тарапынан белсенді қарсылыққа тап болып отырғанынан хабардар етеді. Сондай-ақ біз Үндістан, Грекия, Испания және Аргентинадағы кооперативтердің өмірі мен оның құны туралы алты мақала жариялап отырмыз. Лесли Склейр айтып отырғандай, кооперативтердің капитализмге балама екені немесе капитализмге бейімделу екені ақиқат па? Шындығында Бразилия үкіметіндегі Ынтымақтастық Экономикасы бойынша Ұлттық Хатшы Пол Сингер кооператив қозғалысының ұлы теоретигі және практигі. Жаһандық диалогқа берген сұқбатынан Сингердің қиялға берілген пайғамбар емес екенін көруге болады – ол үшін кооперативтер - кедейлерді қолдаудың құралы.

Сонымен қатар былтыр дүниеден өткен, кенестік тәртіп шекарасының едәуір кеңеюіне үлес қосқан кеңестік әлеуметтанудың бастауында тұрғандардың бірі, қайсар азамат Владимир Ядовты еске түсіруге арналған бес мақаланы ұсынып отырмыз. Ядов посткеңестік әлеуметтану туралы пікірталасқа қатысушылардың ішіндегі негізгілердің бірі. Ол өзінің кәсіби мансабы барысында ұзақ жылдар бойы нағыз интернационалист болды, 1990-1994 жылдары ХӘҚ вице-президенті қызметін атқарды. Шәкірттері мен әріптестері оны қатты жақсы көргені сонша, өлімі оларға үлкен соққы болды.

Осы шығарылымнан бастап Хуан Пиовани Мария Хосе Алварестен Жаһандық диалогтың испан тіліне аудармасын редакциялауды қабылдап алды. Хуанға қош келдің дейміз және Мария мен оның тобына төрт жылғы адал қызметіне рахмет айтамыз

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 16 тілде жарық көреді

> Мақалаларды burawoy@berkeley.edu жолдауға болады



Ауа райының ауысуы туралы пікірталастарды мұқият бақылаушы Герберт Досена Париждегі саммитте саяси жаһандық одақтардың өзгерістерін талдайды.



Ғалым және қоғам қайраткері Карл фон Хольд Оңтүстік Африкадағы наразылықтың саяси динамикасына талдау жасайды.



Ғалым, саясаткер және қоғамдық зияткер Поль Сингер Бразилиядағы ынтымақтастық экономикасының жаңа ілімін қайта қарастырады.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Бұравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндьюглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мунин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:

Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина:

Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бразилия:

Густаво Танигутти, Андреса Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Рафаэль де Соуза, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Индия:

Ишвар Модии, Рашми Жаин, Прага Шарма, Джуотти Сидана, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:

Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итриати, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибуддин, Домингус Элидс Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:

Рейханех Жавади, Абдулкарим Багани, Нияш Долати, Мохсен Раджаби, Вахид Ленджанзаде.

Жапония:

Сатоми Ямамото, Хикари Кубота, Шухей Матсу, Ятаро Шимокава, Масаки Ёкота.

Қазақстан:

Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Ғани Мәдиярбеков, Алмаш Тілеспаева, Алмаз Рахымбаев.

Польша:

Якуб Барщевски, Ева Сичока, Мариуш Финкельштейн, Кшиштоф Губански, Кинга Якиела, Жюстина Косинска, Мартина Макиуш, Миколаж Миерзежевски, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Патрисия Пендраковска, Зофия Пенза, Тереза Телезинска, Анна Вандзел, Жюстина Зиелинска, Яшек Зих.

Румыния:

Косима Ружиниш, Корина Брагару, Роксана Алионте, Костинел Анута, Руксандра Иордаче, Михай-Богдан Мариан, Рамона Маринах, Анка Михай, Аделина Морошану, Рареш-Михай Мушат, Мариан Валентин Настасе, Уна-Елена Негри, Диана Тихан, Елизавета Тома, Елена Тюдор, Кармен Вуанеа.

Ресей:

Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова.

Тайвань:

Джинг Мао Ху.

Түркия:

Гюл Чорбаджиоглу, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Шығарылым кеңесшісі: Ана Виллареал.

> Осы нөмірде

Редакциядан: Қоршаған орта және күштеу демократиясы 2

Ауа–райының өзгеруі саясаты

Герберт Досена, АҚШ 4

Оңтүстік Африкадағы күштеу демократиясы: Карл фон Хольдпен сұқбат

Альф Нилсен, Норвегия 7

> КООПЕРАЦИЯЛЫҚ БАЛАМА

Ынтымақтастық экономикасы: Поль Сингермен сұқбат

Густаво Танигутти және Ренан Диас де Оливейра, Бразилия 11

Уралунгал:Үндістандағы ең көне жұмысшы кооперативі

Мишель Уильямс, Оңтүстік Африка 14

Мондрагон кооперативтері: жетістік пен сынақ

Шарын Касмир, АҚШ 17

Грекияда делдалдарға қарсы күрес

Теодорос Ракопулос, Норвегия 19

Аргентинадағы жаңғыртылған кәсіпорындар

Хулиан Ребон, Аргентина 22

Ақыр заман әлде Капитализмнің соңы ма?

Лесли Склейр, Ұлыбритания 24

> ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДАҒЫ КАПИТАЛИСТІК ИГЕРУ

Латын Америкасында жаңа кен игеруден түскен табыстың дауы

Маристэлла Свамба, Аргентина 26

Эквадордағы экстрактивизм Жаңа Өмірге қарсы

Уильям Захер және Мишель Базс, Эквадор 28

Мексикадағы қауымдар күресі

Мина Лорена Наварро, Мексика 30

Аргентинадағы жаңа экстрактивизм

Мариан Сола Алварез, Аргентина 32

> ЕСКЕ АЛУ: ВЛАДИМИР ЯДОВ, 1929-2015

Ашық әлеуметтануға арналған өмір

Михаил Черных, Ресей 34

Ғалым және гуманист

Андрей Алексеев, Ресей 36

Ұстаз,Әріптес әрі досыма

Татьяна Протасенко, Ресей 38

Менің естелігім

Валентина Узунова, Ресей 40

Кеңестік және посткеңестік әлеуметтанудағы ірі тұлға

Геворг Погосян, Армения 41

> Ауа–райының өзгеруі саясаты

Герберт Досена, Калифорния университеті, Беркли, АҚШ, ХӘҚ «Еңбек қозғалыстары» (ЗК44) зерттеу комитетінің мүшесі



Ауа-райының өзгерісі бойынша париж саммиті кезіндегі көшелердегі наразылық. Суретті түсірген Герберт Досена.

Климаттық әділеттілік үшін қозғалыстың кейбір мүшелері үшін жаһандық күрестің шекарасы БҰҰ ауа-райының өзгеруі жөніндегі саммиті өтіп жатырған бекіністі ғимараттың түбінен өтеді: сыртында біз «Ауа-райының өзгерісі емес, жүйенің өзгерісін» талап етіп, көшеде шеруде жүрген әртүрлі елдерден келген «қозғалысты» немесе «халықты» көреміз. «Ішінде» жүйені мүлтіксіз сақтау үшін күресетін мемлекеттер мен корпорациялардың ресми өкілдері. Сондықтан ауа-райының өзгеруі жөніндегі саммит қарсаңында қозғалыстың ардагері, белсенді Ребекка Солнит «Париж көшелеріндегі адамдар» мен «Ле Бурженің мәжіліс залдарындағы адамдар» деп жазды. Оның пайымдауынша, мәжіліс залындағыларда «әлемді өзгертетін билік» бар.

«Мәжіліс залдар» мен «көшелер» арасындағы осы шекараны, сондай-ақ осындай шекарасы бар басқа

қозғалыстарды түсіну ауа-райының өзгеруі саясатының бағыттарын түсінудің іргетасы болып табылады. Бірақ мұның астарында екі жақтың ішкі күресінің өзгеріп және күрделеніп отырған бағыттары жасырынып жатыр және осы жағдай шындығында жүйені сол күйінде қалдыра отырып, оны өзгерту үшін «мәжіліс залындағы» адамдарды «көшедегі адамдардың» өз жағына шығаруға тырысатынын біздің көруімізге кедергі жасайды.

> Мәжіліс залдарындағы күрес

Мемлекеттік шенділердің, кәсіпкерлердің, сарапшылар мен басқа акторлардың көбі, тіпті басым бөлігі десе де болғандай жүйені өзгертпеу үшін қолынан келгенін жасап бағуда. Тек қана өз елдерінің бәсекеге қабілеттілігін немесе өз компанияларының пайдасын күйттей отырып, олар ауа-райының өзгеруі мәселелерін шешуде жаһандық капитализмді реттеуге қарсы және олардың жүзеге асырған іс-қимылын қоршаған ортаға қатысты тек китұрқы және жалған мәлімдеме деп анықтауға ғана болады.

Дегенмен, билік басында отырғанның барлығы

>>

көрсөкыр емес. Шындығында, 1970-1980-жылдардан бастап әлемдік элитаның бір бөлігі капиталистік мәнді сақтай отырып, жүйені өзгертуге талпынысқа күш сала бастады. Радикалзиялылар, ғалымдар, жазушылар жүйені түбегейлі өзгерту жөніндегі, тіпті жаһандық экологиялық мәселелерді шешудің әдісі ретінде капитализмді жоюды ұсынған үндеулерін жақтайтындардың санын арттырды, дамыған елдермен қатар дамушы елдердегі элиталар желісі жаһандық реттеу, реформалар мен жеңілдіктерге қол жеткізу үшін, ең кем дегенде капитализмнің экологиялық қарама-қайшылықтарын басқару мен жаһандық жылудан аса зор зардап шегіп отырғандарды белгілі бір көмекпен қамтамасыз ету үшін бірлестіктер құра бастады.

«Жүйелік өзгерістерді сақтаушы жүйені» ұсына отырып, осы реформашыл элиталар және олардың жобасына тартылған төменгі таптағылар консерватор элитаға қарсылық көрсетіп, олар ұсынған реформалар мен шараларға қарсы шықты. Осылайша, 1980 жылдардан бастап, реформашылдар арасындағы келіспеушілік тереңдей түсті.

Берік ұйымдасқан және беріспейтін оппозициямен бетпе-бет келген кейбір реформаторлар, мен популист реформаторлар деп есептейтін АҚШ-тан Экологияны қорғау Қоры, Фредд Крапп немесе сенатор Алберт Гор және басқа ресми тұлғалар, қорлардың жетекшілері, сарапшылар немесе дамыған және дамушы елдердің белсенділері өз реформаларын тек олармен (консерваторлығы басым элитамен) одақ құрған жағдайда ғана сақтай алатыны туралы пікір білдіріп отыр.

Одақ құра отырып, олар консерваторлық талаптарды қолдайтын жергілікті және жаһандық шараларды қолдады. Әлемдік деңгейде олар дамыған елдер үшін ауаға тасталатын заттардың көрсеткіштерін төмендетуге мәжбүр ететін, осы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін көмірсутектерді сату және басқа нарықтық тетіктер арқылы оларға көбірек икемділік беру және оларды нашар дамыған елдерді маңызды және технологиялық трансферттермен қамтамасыз ету жауапкершілігінен босататын халықаралық келісімдерді қолдай бастады.

Осы жеңілдіктер консерваторлардың талаптарын қанағаттандырмағандықтан, реформашыл элита 2009 жылы Копенгагенде өте әлсіз келісімге («төмендегілердің тілегі») уәде бере отырып, бұрынғыдан да көлемді жеңілдіктерге бара бастады, шынтуайтына келгенде, Парижде 1990 жылдары кейбір аса маңызды емес өзгерістермен үкіметтер қабылдаған келісімнің тап өзі. Бірақ «іштегілер» де, «мәжіліс залындағылар» да осындай стратегияға біртіндеп күмәнмен қарайтын болды. Жүйені өзгертпекші болған әрекеттерінің табысты болмауына көңілі қалған осы прогресшіл пікірдегі ресми тұлғалар, дамыған және дамушы елдер үкіметтерінің мүшелері, қорлардың және экологиялық ұйымдар реформашыл жобаларды сақтап қалу үшін консерваторлармен емес «төмендегі» қозғалыстармен, «көшедегі адамдармен» одақтасу керек деген пікірге тоғысты.

Француз электр желілері сияқты топтар қолдағанауарайы туралы келісім заңнамасы бойынша консерваторлардың кезекті жеңісінен кейін, 1Sky директоры (жаһандық жылынуға қарсы, кейінірек 350.org негізін қалаушы) Билл МакКиббен 2010 жылғы ашық хатында: Қоғамдық қозғалыстарға салатын инвестицияларымызды екі еселеуіміз керек [...] Қоғамдық қозғалыстарға салынатын ұзақ мерзімді инвестициялардың болмауы алға қарай жылжу қабілетімізден айырғанына кәміл сенімдіміз [...] Әрине, бұл бір түнде шешімін табатын жәйт емес, жылдар бойы еңбекті және уақыт пен ресурстардың көлемді, шыдамды инвестицияларын талап етеді», – деп тұжырым жасайды. Осындай дәйектер реформашыл топтар арасында үлкен серпіліс туғызды. Экологтардың сәтсіз талпыныстарын болжаған 2013 жылы Рокфеллерлер отбасының тапсырысы бойынша жүргізілген танымал зерттеуде белгілі әлеуметтанушы Тед Скочпол іс жүзінде МакКиббеннің және «Француз электрожүйесі» сияқты компаниялардың «инсайдерлік саясатын» сынағындардың ойларын қайталады және осындай сынның орнына «халықтық/танымал қозғалыстарды» ұйымдастыруды ұсынады.

> Көшедегі реформашылдар

2000-жылдардың соңынан бастап, осы стратегияға сәйкес популист реформаторлар «қоғамдық қозғалыстарды құрастыруға» «инвестицияларды» «еселеді», радикалды жобаларға радикалдар тартқан топтарды жұмылдыру үшін көп күш-қуатты, ынта мен ресурстарды жұмсады.

Осы топтарды жеңу үшін, радикалдар біраздан бері өз бағдарламаларының «шағын» бөлімі ретінде анықтайтын жеңілдіктерге реформаторлар барлық күштерін жұмылдырды. Осылайша, көмірсутегімен сауда жасау сияқты нарықтық нормативтерге олар қарсы емес екеніне қарамастан МакКиббен және оның Гринпистегі және басқа экологиялық ұйымдардағы жақтастары негізінен тікелей «нарықтық емес» ережелерді қолдады, ол – пайдалы қазбаларға, отын өндірісіне тыйым салу, бұл тыйымдар өндірістен зардап шегуші жергілікті елдімекендерге тікелей пайда әкеледі, олар «мұны» [мұнай, көмір, газ] «жер астында ұстау» идеясын, бір кезде капиталистердің әсіре қарсыластары алғаш рет таратқан идеяны қолдайды.

Әдетте олар батыл, амбициялық халықаралық келісімге және дамыған елдерді ауаға тасталатын заттарды қысқарту көлемін арттыруға, көмірсутегімен сауда жасаудан мүлдем бас тартуға немесе осы сауданы реттеуші ережелерді қатайтуға, сонымен қатар әлжуаз топтар үшін қомақты қаржылық және технологиялық трансферттер бөлуге үндейді. Осылайша, олар 2009 жылғы Копенгаген келісіміне қарсы шығады және Парижде жақында ғана қол қойылған 2009 жылғы Копенгаген келісіміне ұқсас жаңа келісімге басқа реформашылдардан гөрі сыни көзбен қарайды. Бірақ осы сияқты келісімдер мен ережелер «серіктестік» немесе «Climate Action»-ды («жасыл экономика» мен

тұрақты дамуды қолдайтын халықаралық ұйым) қолдау үшін корпорациялар мен үкіметтерді «лоббистік» арқылы жүзеге асуы мүмкін емес деген пікір бар, олар корпорациялар мен үкіметтерге қарсы конфронтациялық әрекеттерді көбірек жүзеге асыру үшін бар ынтасын ұйымдастыруға және студенттер, жұмысшылар, ауылдық қауымдар және ішкі айналымнан тыс қалған басқа да «аутсайдерлермен» ынтымақтасуға жұмсап, ұстамды реформашылдармен байланыстан бас тартты.

МакКиббен антикапиталистік ұстанымнан қашақтағанына қарамастан, 350.org. революциялық және антикапиталистік кеңестің мүшелігіне неолиберализмге қарсы авторды шақырды. 350.org -тың жергілікті белсенділері тек Солтүстікте ғана емес, сонымен қатар Филиппинде көмір жағатын электр станцияларына және басқа ыластайтын энергетикалық жобаларға қарсы жергілікті қауымдастықтардан қолдау тапты.

МакКиббен және 350.org басқа да белсенділері Парижде «халық трибуналының» эмитациясын жасап, онда «климат скептиктері» мен «climate action»-ге қарсы саясаткерлерге демеушілік көрсеткен алып корпорация Exxon-ның әрекеттерін «тергеу жүргізді». Олар басқа ұстамды реформашыл топтар ашық қарсылық білдіргенде немесе оларды инвестициялаудан бас тартатынына емеурін танытқанда саммиттің соңғы күні аса ірі азаматтық мойынұсынбау акциясын ұйымдастыру және ресурстар бөлу мақсатында анархистер және басқа антикапиталистік топтармен тығыз ынтымақтаста болды. Басқа реформаторлармен салыстырғанда радикалды топтармен одақтасып, іріткі салатын әрекеттерді жиі таңдауға ығыса отырып, алға қарай жылжыған кезде популист реформаторлар өздерінің антикорпорациялық/неолибералдық ұстанымы шекарасынан шығып, антикапиталистік ұстанымға қарай жиі бағыттала бастады. Осылайша, МакКиббен мен оның компаниясы Exxon-ды өздерінің «халықтық трибуналында» айыптап жатты, дегенмен олар Exxon-ды ғана емес, капитализмді сақтауда «ауа райының өзгерісіне» ықпал ететін басқа корпорациялар мен үкіметтерді айыптап өз «халықтық трибуналарын» ұйымдастырған белсенділерді қолдаған жоқ. 350.org мүшелері париждік саммиттің соңғы күніндегі азаматтық мойынұсынбау бұқаралық акциясын ұйымдастыруға тап осылай көмектесті. Басқа ұйымдастырушылар қатысушыларға Триумфалды Арка және Ла Дефанс іскерлік ауданындағы мемлекеттер мен капиталистерге қарсы тұратынын жария етсе, 350.org таратқан материалдарда күрестің басты және жалғыз бағыты - тек өндіруші кәсіпорындар мен «жаман капиталистер» деген атқа ие болғандар.

Сол акция күні анархистер мен басқа антикапиталистік топтар, аз қаржыландырылған топтар «Өлтірілмейтін

жүйе» немесе «Капитализм:өткен шақ» жазуы бар деген қолдан жасалған қағаздарды алып келіп, көтеріп тұрған кезде, мықты қаржыландырылған 350.org мүшелері көлемі 2x200 метр болатын «Ауа райына қарсы қылмысты тоқтатындар» және «Жер қойнауынан бәрін алмаңдар» деген үлкен баннер ұстап тұрды – екі плакат та акциядағы кішкентай қағаздар мен баннерлерден ғана емес, сонымен қатар «АУА РАЙЫН ЕМЕС, ЖҮЙЕНІ ӨЗГЕРТУ» деп жазылған негізгі баннерді де басып озды.

> Бөлінген көшелер

Реформашыл блоктың консерватор элитаға қарсы жүйені түбегейлі өзгертуге алып келмейтіндей антагонистік әрекеттерді қолдануға үндеуге тырысуы радикалдардың арасында бөлінушілікті күшейтті. Жаһандық жылынумен зардап шеккен қауымдастықтардағы жағдайды жақсартуға мүмкіндік беретін қарапайым реформаларға консерваторлардың бөгет болуы және өз реформаларын популист реформаторлармен бірге қорғауы салдарынан радикал желілер мен ұйымдар екі жаққа бөлінді. Осылайша, біреуі жалпы реформаторлармен одақтар құрса, екіншісі популист реформаторлармен бірге ең аз дегенде консерваторлар бөгет болған шектелген реформалар мен жеңілдіктерді қорғады немесе, тіпті жылжыта бастады. Осы уақыттан бастап олар ауа райының дағдарысы, бірінші кезекте капитализмнің жаһандық реттелуінің жоқтығынан; мәселе осындай реттеуді жақсарту арқылы шешілуі мүмкін; және «дұшпандар» – тек өндіруші компаниялар немесе «жаман» капиталистер ғана емес, сонымен қатар жаһандық реттеуге қарсы тұрған «нашар» элиталар деген ойды қайталап, реформашыл дискурсты үдете түсті. Басқалар іргелі өзгерістерді қорғау немесе жүзеге асыруға үміттеніп, мұндай одақтардан бас тартты. Олар жүйені реформа жолымен өзгерту нәтижелерін толығымен жоққа шығармағанмен, жаһандық реттеудің болмауы капитализмнің өзіндік қайшылықтарында жатыр; реттеуді жақсартуға қарамастан тек капитализмді жою ғана мәселені шешеді; «жақсы» капиталистер мен «жақсы» элиталарды қоса санағанда «дұшпандар» мәнін өзгертпей «жүйені өзгертуді» жақтайды дегенді ұсына отырып, реформашыл дискурс аясынан шығуды ұсынады.

Осылайша, майдан шегі ауа райының өзгерісі бойынша БҰҰ саммитінің «инсайдерлері» мен «аутсайдерлері» арасынан ешқашан өткен емес және өтпейді де, ол мәжіліс залындағылар мен көшедегілер арасында жатыр. «Көшедегі адамдар» «билікті әлемді өзгертуге» қалай мәжбүр етеді және «мәжіліс залындағы адамдардан» үстем болатын жағдай көшеде кім жеңетініне байланысты болуы әбден мүмкін. ■

Хаттарды Герберт Досенаға herbertdocena@gmail.com жолдауға болады.

> Оңтүстік Африкадағы күштеу демократиясы:

Карл фон Хольдпен сұқбат

1993 жыл: оңтүстік африкалық қайшылықты өтпелі кезеңде Карл фон Хольд АҰК одағының шеруіне қатысуда. Суретті түсірген Уильям Матлал



Карл фон Хольд - саяси белсенді және ғылыми тәжірибесі мол тұлға. Ол еңбекшілердің Оңтүстік Африка қоғамдық қозғалысына әмірі жүріп тұрғанда Оңтүстік Африка Еңбек жаршысының редакторы болған. ОАКК (Оңтүстік Африка Кәсіподақтар конгресі) саяси институтындағы NALEDI-де кәсіподақтар болашағы туралы ОАКК комиссиясының үйлестірушісі ретінде (1996-7) қызмет атқарған. Соңғы жылдары Оңтүстік Африка Ұлттық жоспарлау комиссиясында еңбекшілер өкілі ретінде қызмет атқарған болатын. Қазір Йоханнесбургтегі Витватерсранд университетінің жанындағы Жұмыс және даму институты қауымдастығының директоры. Оның көптеген еңбектерінің бірі *Төменнен бастап ауысу. Оңтүстік Африкадағы кәсіподақ мәдениетінің қалыптасуы және жұмыс орнындағы өзгеріс* мақаласы Оңтүстік Африканың демократияға өту кезеңі туралы ең маңызды сараптамалық жұмыстардың бірі. Майкл Буравоймен бірігіп, *Бурдьемен әңгіме: Йоханнесбургтегі сәт* (2012) еңбегін жазды. Қазір ол мемлекеттік институттар қызметі, ұжымдық зорлық пен қауымдық өмір, күштеу демократиясы, азаматтық пен азаматтық қоғам сияқты мәселелерді зерттеумен айналысуда. Фон Хольдпен ХӘҚ Еңбек қозғалысын зертеу комитетінің мүшесі (ЗК44). Берген университетінің қызметкері Алф Гунвальд Нилсен онымен сұқбаттасқан болатын. Бұл сұқбаттың толық нұсқасын Норвегия Әлеуметтану қауымдастығының ақпараттық хабаршысынан табуға болады.

1994 жылы Оңтүстік Африка апартеидтен демократияға өте бастағанда, ондаған жылдарға созылған халықтық күрес жүректерге үміт сыйлап, ұлы жеңіске жеткізгендей көрінген. Жаңадан сайланған президент Нельсон Мандела «Тәжірибе көрсеткендей, тым ұзақ уақытқа созылған кезектен тыс адамзат күйзелісінен кейін бүкіл халық мақтан тұтатын қоғам дүниеге келуі тиіс», - деп жариялаған болатын. Шамамен жиырма жыл өткен соң Оңтүстік Африкадағы әлеуметтік болмыс жағдайды қиындатты: жаңа саяси бостандықтарға қарамастан нәсілдік теңсіздік пен кедейлік сақталды. «Көп ұлтты мемлекетте» қоғамдық теңсіздік нәтижесінде пайда болған наразылық Африканың басқа елдерінен келген қоныс аударушыларға қарсы кемсітушілік әрекеттерге соқтырды. Мұндай күрделі әрі кереғар сценарийді әлеуметтанушы қалай түсіндіреді?

> Оңтүстік Африканың күштеу демократиясы

«Мұндай таң қаларлық және тығырыққа тірелген мәселелер көп», - дейді Витватерсранд университетінің жанындағы Жұмыс және даму институты қауымдастығының директоры, доцент Карл фон Хольд. Фон Хольд – тек әлеуметтанушы ғана емес, сондайақ 1980 жылдардың басынан бері саяси белсенділік пен академиялық арасындағы тұлға.

Фон Хольд апартеидтің құлауының маңызын жақсы түсінеді. «Біз өмір сүрген әлемнің нәсілдік үстемдік, қысым көрсетушілік, жүйенің күнделікті институттанған қатыгездігі және құқықты мойындамау сияқты келбетінің салмағы кетті». Сонымен қатар, бөлектенудің негізгі құрылымы сақталуда. Дегенмен, Фон Хольдтың пікірінше, ештеңе өзгермеді деуге болмайды. Керісінше, бүгінгі Оңтүстік Африкада болып жатқан өзгерістер бірқатар тұжырымдауды қажет етеді. «Мұнда саяси және әлеуметтанулық тұрғыдан мемлекеттің қалай қызмет атқаруы және қалай әлеуметтік тәртіптің орындалуы керектігін батыстық модерннің аса маңыздылығына бағытталған кейбір тұжырымдар үстемдігі басым. Осы тұжырымдар тұрғысынан өзімізге қарасақ, біздің қоғамда қатыгездік көп болғандықтан, демократия жоқ деп өз кемшіліктерімізді алға тартып, қорытындылауға мәжбүр боламыз. Алайда, мен мәселеге осы тұжырымның батыс қоғамының тарихында қалай орындалғаны мен Оңтүстік Африка тұрғысында қалай пайдаланғаны тұрғысынан қарау керек деп есептеймін».

Осылайша, мәселеге басқаша қараудың нәтижесінде фон Хольд Оңтүстік Африкадағы демократияны қатыгез деп суреттеді. Қатыгездік пен демократияның өзара байланыстылығы – Еуропаның қалыптасу тарихында да, қазіргі Оңтүстік Африкада да кездесетін құбылыс. «Еуропалық контекстінде модернді халықты тыныштандырып, шиеленісті бейбіт жолмен шешудің ғасырға созылған үрдісі ретінде қарастыру

онай. Бірақ, егер әлемдік деңгейде ойласақ, бұл үрдістердің барлығы Еуропаның дамуымен қатар, отарлау мен басқыншылаудың құрамдас бөлігі екенін көреміз. Оңтүстік Африкада біздің модерндік тарихи тәжірибеміз зорлықпен жүзеге асқан процесс; бізде қатыгездік төрт ғасырға созылды».

Фон Хольдтің ойынша, бүгінгі қатыгездік Оңтүстік Африкадағы маңызды өзгерістермен тығыз байланысты – әсіресе, қара нәсілділер элитасының қалыптасуы мемлекеттің құрылуында маңызды орын алды. «Оңтүстік Африканың саяси тәртібінің негізгі ұстанымы – әлеуметтік-экономикалық даму және адам құқығы. Сонымен қатар, жеке меншік құқығын да қорғайды. Қазір жеке меншік құқығының Оңтүстік Африкадағы таралуы 360 жылға созылған отарлау кезіндегі мүліктен айыру мен апартеид негізінде құрылып, нәтижесінде нәсілшілдікке әкеліп соқты». Жүйелі қайта бөлу мәселесін конституция шектегендіктен, мемлекет ел экономикасында маңызды рөл атқарады. «Оңтүстік Африкада мемлекет ең ірі жұмыс беруші және түрлі келісім-шарттарды қаржыландырады. Ірі ресурстар осы процестерге байланысты болғандықтан, ресурстарға қол жеткізу элиталарды қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды. Билікке жету және онда орнығу үшін қолдаушылар, одақтастар және патронаждық желілер қажет. Осы деңгейлердің барлығына таралатын байлық пен ресурстарға қол жеткізу саяси капиталды қалыптастыру жолы болып табылады. Ал кәсіпкер ретінде жетістікке жету үшін, керісінше, саяси байланыстар болуы шарт. Осылай байлық пен билік бір бірімен тығыз байланысты». Билік үшін күрес анағұрлым қатал сипат алса, түрлі фракциялар мен қарсыластар бір бірін қимылсыздандыруға тырысады: «Бұл нағыз тұйық шайқас». Оңтүстік Африканың күштеу демократиясы, сондайақ, кедей қауымдардағы наразылықтармен ерекшеленеді. Мұндай көбінесе мемлекеттік қызметке қанағаттанбаушылықпен байланысты наразылықтар – кедейлердің өз наразылықтарын тәуелсіз білдіруі деп жиі сипатталады, бірақ фон Хольдтың пікірінше, «элитаның қалыптасу динамикасын қамтамасыз ететін патронаттың кедейлер арасындағы фракциялық желілерді ұйымдастыруынан пайда болады». Фон Хольд пен бір топ зерттеушілер Мпумаланга және Гаутенг провинцияларындағы қауымдық наразылықтарды зерттегенде «біз наразылық білдірушілер көшбасшылары мен ҚХА арасында жақын байланыс бар екенін анықтадық. Наразылық акциясын ұйымдастырушылар көбінесе жергілікті ҚХА белгілі бір фракциясының мүшелері болды. Олардың мақсаттары – жергілікті ҚХА тармақтары мен жергілікті консул тарапынан қолдау табу», деді. Дегенмен, фон Хольд кедей адамдар жергілікті элитаның қол шоқпары деуден аулақ. «Қауым ішінде шынымен де шағымдар көп. Егер жергілікті саяси көшбасшылар элитаға айналғысы келсе, кедейлердің



2014 жыл: әлеуметтанушы Карл фон Хольд
Беда деп аталатын елдімекенде наразылық
білдіруші қауымдастықта. Суретті түсірген
Уильям Матлал

«жарасын тырнауы» тиіс. Өз кезегінде, кедейлер дауысқа ие болып, қажетті ресурстарға қол жеткізу мақсатында көшбасшыларды да пайдаланады. Сондықтан патронаж тек элита жүзеге асыратын нәрсе емес; сонымен қатар оны кедейлер де қажет етеді».

Дегенмен, Оңтүстік Африкадағы саяси ландшафт 2013 жылдың 16 тамызында полиция қызметкерлерінің Мариканада күресіп жүрген 34 шахтерді өлтірген оқиғасын қоса алғанда тұшымды өзгеріске ұшырауы мүмкін. Оңтүстік Африканың эмблемалық күштеу демократиясы, Марикана қанды оқиғасы ҚХАның ел кәсіподақтарына ықпалын әлсіретті. 2014 жылдың аяғында Бірлескен Шеп, яғни әлеуметтік қозғалыстар коалициясы, солшыл саясатты қайта құру мақсатында құрылды, ал Экономикалық азаттық күресшілері ҚХАдан саяси ажырағанда әскери ұлтшылдық пен радикалды қайта бөлу бағдарламасын жасап, ҚХА базасын шайқалтты. «ҚХА гегемониясы әлсіреуде», - дейді фон Хольд, бірақ ол «болашақ бұлыңғыр», деп сескенеді. Гегемонияның анық құлдырауына қарамастан, ҚХАның жергілікті қауым арасында ықпалы басым, ол әлі де өте қуатты ұйым болып отыр».

> Бурдьё, Фанон және Қатыгездік әлеуметтануы

Фон Хольдтың Оңтүстік Африка күштеу демократиясының диагнозы қатыгездікті анағұрлым жалпы терминдерде тұжырымдауға ұмтылуымен тығыз байланысты. Current Sociology журналында Майкл Буравоймен бірігіп жазған Бурдьёмен әңгіме:

Йоханнесбургтегі сәт атты қызықты мақаласында ол Оңтүстік Африканың даулы саясатымен байланысты қатыгездіктің жоғарғы шегін зерттейді. «Онда мен Бурдьёні Оңтүстік Африка мәселесі арқылы оқуға тырысуымның нәтижесін, яғни оның кемшіліктері мен айтпай кеткен тұстарын анықтау арқасында жеткен ойларымды жаздым. Сонымен қатар, ОАРға Бурдьё көзқарасымен қарау қызықты болды, себебі оның жұмысы әлеуметтік тәртіптің орналасуы мен оның өзін өзі жандандыруына арналған».

Өз мақаласында фон Хольд Бурдьёнің символдық қатыгездік тұжырымы мен Фанонның отарлық қатыгездік есебінің арасындағы диссонанс пен резонанстарды зерделеді. «Отарлық жағдайда символдық қатыгездік Бурдьё ұсынған мәнде кәдеге аспайды; бұл әлеуметтік тәртіпті түсіндіруде ыңғайсыз. Фанон көрсеткендей, шынайы қатыгездіктің де болуы маңызды. Дегенмен, символдық қатыгездік Фанон отарлық тәртіп нәсілшілдігі мен қатыгездігі деп көрсеткендей, тек табиғи және материалдық емес екендігін және оның символдық мәнінің бар екендігін түсінуге көмектеседі.

Бұл екі ғұламаның бір қызық жері Фанонның, әсіресе, өзінің отарлық және постколониялық тәртіпке арналған толықтырылған еңбегінде қатыгездік пен модерн ұштасқан, онда модерн – біржақты қатыгездік. Бірақ Бурдьё, оның Алжирдегі еретеректегі тәжірибесін алсақ, толығымен батыстық тыныш қоғам тұрғысында көрінеді.

Менің қызық деп тапқаным, Бурдьеге қайта барып, батыстық модерн өзі ұсынғандай жұмыс істей ме екен деп сұрау болып табылады. Жұмыс істейтініне күмәнім бар. Әсіресе, батыстағы қазіргі дағдарыс тұрғысында бұл тұжырымдар өз күшін жоюда. Қазіргі жаппай жұмыссыздық тұрғысында Бурдьенің символдық қатыгездік туралы идеялары не болмақ? Мемлекет пайданы қай жерден таппақ? Банктер мен корпорациялар қайда басымдылыққа ие болмақ? Бұл тұжырымдар әлсіреуде».

Сонда бұл Джин және Джон Комарофтардың жаһандық Оңтүстік заманауи әлемнің артықшылыққа ие жұмысын ұсынуы турасындағы идеяларын еске түсіріп отыр ма? Фон Хольд мұнымен келіспейді. «Мен оған күмәнмен қараймын, себебі Солтүстік әрдайым өзінің ерекшелігін сақтап тұратын. Іргелі мәселе Солтүстіктің қалай білімді өндіріп, байлықты таба алуында болып отыр. Бұл басымдылыққа деген қатынас өзгерейін деп тұрған жоқ. Оңтүстік Солтүстікті жақын арада басқаратын сыңай танытпайды». Дегенмен, фон Хольд ойлауды радикалды түрде өзгерту керектігін айтады. «Солтүстікке арналған және Оңтүстік үшін де пайдалануға болатын кейбір идеялар мен тұжырымдық инновациялар пайда болуы үшін Солтүстіктің тұжырымдық аппараты оның Солтүстік болмысымен байланысын ескере отырып, қайта тұжырымдалуы қажет».

Бұл Равин Коннелдің Оңтүстік теориясын пайдалануды ұсынуына ұқсас емес пе? «Мен теорияны Оңтүстікте жасау төңірегінде ойлауды жөн көремін. Мен толығымен өзгеше ойлау дегенді елестете алмаймын, себебі біздің ойлау жүйеміз әбден батыстанған. Баламалы білімді қалай және қайдан табуға болады?» Оңтүстік Африкадағы әлеуметтану метрополис тілі мен тарихы әлемдік жүйемен байланыста дамығандықтан, білім өндіру үшін маңызды салдары болады. «Келімсек ақ элита ұрпағы болғандықтан, мен осы салада еңбектенемін. Батыстық білімге тәуелділігіміз соншалықты, сол мәдениет арқылы немесе оған қарсы ойлауымыз қажет; дегенмен, басқалар жергілікті халық тұрғысынан ойлап, маңызды қарымқатынас орнатуы мүмкін».

> Пост-Апартейдтік ОАР қоғамдық әлеуметтануы

Батыстық әлеуметтану шектеулі болғандықтан, біздің пост-апартейдтік ОАР қоғамдық әлеуметтануы

туралы әңгімеміз түсініксіз әрі таң қаларлық сарынға ауысады. Мансабы академия мен саяси белсенділік арасында қалыптасқан фон Хольд қоғамдық әлеуметтану текоппозициялық бағытта дамуы мүмкін емес екендігін айтады. «Прогресшіл әлеуметтанушы өзін төменгі топтармен аралас қарастырады; бұл прогресшіл әлеуметтанулық талдаудың ықпалы және осы арқылы әлеуметтану саяси маңыздылыққа ие болуы мүмкін». Фон Хольдтың SWOP зерттеу ұйымы 1980 жылдары осы көзқараста ОАКК-тың әскери бірлестіктерімен тығыз диалогта қалыптасқан. Бірақ демократияға ауысумен қатар SWOP алдыңғы қатарлы мемлекеттік министрлермен әріптестікті дамытты. Бұл тәжірибе фон Хольдқа саяси зерттеулер мен қоғамдық әлеуметтану арасын қатаң ажырату мәселесіне күмәнмен қарауға мүмкіндік берді. «Саяси әлеуметтану биліктегі тұлғалар қалаған нәтижені беретін лас тірлік деп қарастырылып келді. Ол өзгерісшіл күштерді қолдаудың орнына, өз статусквосын тиімді бекітуде. Бірлестіктермен жұмыс жасағанда билікті сынауға бейім боламыз, бірақ түптің түбінде барлық кәсіподақтардың өзі мемлекетпен ортақ келісім жасағысы келетінін анықтауға болады. Олар белгілі бір мәселелердің шешімін тапқысы келеді, ал бұл – саясат мәселесі. Мен де қоғамдық әлеуметтану аса прогресшіл, ал саяси әлеуметтану билікпен байланысты және жемқорлыққа бейім деп қарастырудан аулақпын. Наразылықтар әлемі мен басқару әлемінің арасында өзара әрекеттестік бар».

Бүгінгі ОАРда билікке шынайы сөйлеу өте қажет. «Біз тағы өзгеріс үстіндеміз. Кәсіподақтармен байланысты қағидалар мен тәжірибелер енді тиімсіз, себебі олардың өзі сан түрлі бағытқа бөлінеді. Ескі ережелер қазір тиімсіз, сондықтан біздің қоғамдық әлеуметтану тәжірибеміз үнемі өзгеріп отырады». Бірақ фон Хольд үшін бұл таза оппозициялық қоғамдық әлеуметтануға қайта оралу деген сөз емес. «Бірыңғай күрес жолында болсаңыз да, немесе қоғамды басқару жолында болсаңыз да, әрдайым билікпен келісімде болуыңыз қажет. Сондықтан, бұл – ыңғайсыз жол. Кейбір ғалымдар үшін тек сыни ғылым төңірегінде жұмыс жасау жеткілікті. Дегенмен, концепциялық инновация күнделікті болмыстан пайда болатын талаптарға сай болудан туындайды». ■

Хаттарды Альф Гунвальд Нилсен alfgunvald@gmail.com мен Карл фон Хольдқа karl@yeoville.org.za жолдауға болады.

> Ынтымақтастық экономикасы:

Поль Сингермен сұқбат

Поль Сингер ынтымақтастық экономикасынан Бразилиядағы және әлемдегі көрнекті зиялылардың бірі. Ол «Даму және дағдарыс» (1968), «Экономикалық даму және қала революциясы» (1969), «Халық динамикасы және дамуы» (1970), «Үстемдік және теңсіздік: Бразилиядағы таптық құрылым мен кірістің бөлінуі» (1981) және Ынтымақтастық экономикасына кіріспе (2002) атты кітаптарды жариялады. Ол Венада, Австрияда дүниеге келді және 1940 жылы Бразилияға қоныс аударды. 1953 жылы 21 жасында Сингер Сан Паулуда болат балқытушылар одағының белсендісі болды және бір айға созылған тарихи наразылықты басқарды. 1960 жылдары ол белсенді қызметін интеллектуалдықпен ұштастырып, Сан Паулу университетінде әлеуметтану және экономика профессоры мансабын бастады, сонымен қатар Принстон университетінде демографияны оқыды. 1960 жылдардың соңында саяси диктатура оның саяси құқықтарын жойды және осы жағдай Талдау мен жоспарлаудың бразилиялық орталығы (CEBRAP) белгілі талдау компаниясының негізін қалауға ықпал етті. Оқытушылыққа қайтып оралғаннан кейін Сингер Жұмысшы партиясын құруға көмектесті және Сан Паулуда жоспарлау бойынша жергілікті хатшы болды және кейінірек, Ынтымақтастық Экономикасының Ұлттық Хатшысы қызметіне ауысты. Бұл жерде Ынтымақтастық Экономикасындағы өз тәжірибесімен және бастамаларының тең құқықты әлемге қол жеткізуге қалай көмектесе алатынымен бөліседі. Поль Сингермен сұқбатты жазып алған Паулу университетінің зерттеушісі Густаво Танигути (әрі қарай - ГТ) және Бразилиядағы Әулие Андре Қорының профессоры Ренан Диас де Оливьера (әрі қарай - РО).



| Пол Сингер.

ГТ&РО: 1969 жылы сіз Фернандо Энрике Кордозо, Октавио Жанни, Жозе Артур Жианнотти, Жорж Бранд Лопес және Франческо де Оливьеромен бірігіп, Талдау мен жоспарлаудың бразилиялық орталығының негізін қаладыңыз. Бұл әскери биліктің ең репрессияшыл жылдарын сынаған зиялылар тобы болатын. Осы бастаманың Бразилиядағы кедейлікті талқылау үшін қандай маңызы болды?

ПС: Біз шынында сол кезде кедейлікті зерттей отырып, ел үшін ең үлкен және нақты мәселе екенін түсіндік, алайда біз оның екінші жағы туралы білмедік: игілік, байлық, қалай атағыңыз келсе, солай атаңыз. Бүгінгі күні біз кедейлікті қалай өлшеу керек екенін білеміз, ал сол кезде білген жоқпыз, бізге қажетті ақпаратқа қол жеткізе алмадық. Сол кезде Бразилияның негізгі әлеуметтік мәселесі – әсіресе, Талдау мен жоспарлаудың бразилиялық орталығындағы біздер үшін, шығарып тастау мәселесі болды.

ГТ&РО: Әскери билік зейнетке шығуға мәжбүр еткендіктен Сіз он жылға созылған саяси қуғындаудан кейін 1979 жылы ғылыми жұмысқа қайта оралдыңыз, бірақ 1980 жылы сіз Жұмысшы Партиясын құруға қатыстыңыз. Осы жылдары Ынтымақтастық Экономикасы мен кооперативтер туралы пікірталастар туды. Осы мәселені талқылаудағы Сіздің үлесіңіз қандай?

П.С.: Жалпы сол кезде СЕВРАП-да ешкімнің ынтымақтастық экономикасына қатысы болған жоқ, менің ойымша, бұл беймәлім мәселе болатын. Кейінірек мен Ынтымақтастық Экономикасын негізінен Католик шіркеуі шабыттандырғанын түсіндім. Ынтымақтастық Экономикасы терминін чилилік экономист Луиз Розето ұсынған. Ол осы туралы бірнеше кітап жазған. Қазір ол зейнетте, бірақ осы тақырыпқа әжептәуір жиі жазып тұрады. 1979 жылғы амнистиядан кейін 1980 жылы жұмысшы партиясын құру Ынтымақтастық Экономикасы бойынша пікірталаспен тіпті байланысты емес. Осы тақырыпқа қызығуымның төркіні менің жеке мүдделерімде жатыр. Көптеген басқа кісілер сияқты мен де «нақты социализм» деп аталған нәрсенің аяқ астынан ғайып болғанына таң қалдым. 1989 жылы Берлин қабырғасы құлағаннан кейін көптеген елдерде саяси режимдердің күлі көкке ұшты. «Нақты социализмнің» күйреуі Жұмысшы партиясын идеологиялық дағдарысқа алып келді. Бұл біз үшін орасан зор күйзеліс еді, себебі Бразилияда басқа қоғам орнатпақшы социалистік партия болатынбыз. Біз «демократиялық социализм» деп жүргенді жасауға мен көп уақыт жоғалттым.

1990 жылдары Бразилия, әсіресе елдегі еңбекпен қамту жүйесіне ықпал еткен адамдайтықсыз дағдарысқа тап болды: дағдарыс нәтижесінде 60 миллион жұмыс орны кәдімгідей жоғалып кетті. Осы жәйт мені терең толғандырды, себебі бұрын Бразилия ешқашан жұмыссыздықтың тап осындай деңгейін басынан кешірген емес. Кенеттен миллиондаған өнеркәсіп жұмысшылары жұмыс орындарын, үйлерін және кірістерін жоғалтты. Бұл аса ірі әлеуметтік қасірет болды, осыған байланысты шіркеу маған қиын жағдайда Бразилияда құрылған кейбір кооперативтерге баруды ұсынды. Католик шіркеуінің әлеуметтік тірегі бола отырып, Қайырымдылық Қоры негізінен жұмыссыз адамдарға арналған 1000 аса жұмысшы кооперативтерді құрды. Осы кооперативтермен таныса отырып, мен әлеуметтік демократияның мәні сияқты күрделі сұрақтың жауабы қандай екенін түсіндім. Себебі кооперативтер жұмыссыздар үшін құрылғандықтан, оларда бастықтар мен иерархия болған жоқ. Атқарылған істердің барлығы коллегиялық шешім мен тең құқықты сипатта болды. Мен «Folha de S.Paulo» басылымында бірнеше мақалалар жарияладым, соның арасында «Ынтымақтастық Экономикасы: жұмыссыздыққа қарсы қару» мақаласы бар. Жаңа қозғалысты мен құрғаным жоқ, оны тек аштым.

ГТ&РО: «Ынтымақтастық экономикасы» бойынша пікірталастағы Сіздің теориялық бағыттарыңыз қандай?

П.С.: Іргелі идея - утопиялық социалистерден басталатын социализм тарихы. Бұл өте қызық нәрсе, өйткені мен

утопиялық социалистерді емес Маркс, Роза Люксембург және басқа маркстіл авторларды өте көп оқыдым. Осындағы Сан Паулу университетінде өткен менің курстарымның бірінде студенттер осы авторлар туралы айтуды сұрағанда мен Роберт Оуэннің жұмыстарынан бастадым. Бұл қандай керемет деп ойладым және осыны бастау нүктесі ретінде бейімдедім.

ГТ&РО: Мэр Луиза Эрундина тұсында Сан Паулуда жоспарлау Хатшысы болып тұрған кезіңізде кедейлікке қарсы қала саясаты ынтымақтастық экономикасымен ұштастырылды ма? Егер солай болса, қалайша?

П.С.: Басында болмады, бірақ кейінірек осы байланысты дамыта алдық. Сан Паулу - Латын Америкасының ірі қаласы, бірінші солшыл бағыттағы үкіметі мен бірінші әйел мэрі бар орасан зор, жайыла және біртекті орналаспаған мегаполис. Оның үстіне Луиза Эрундина солтүстік-шығыс Бразилиядағы Парайбада кедей отбасында туылған. Жұмысшы партиясына қосылғаннан кейін ол тез арада партияның көшбасшысына айналды. Әрине, оның үкіметінде кедейлік негізгі міндет болды, осы міндетті 1980 жылдардағы дағдарыстан кейін ғана жүзеге асыра алдық.

Кедейлік деңгейін қалай төмендету жөніндегі мэрмен және жұмысшы одақтарымен пікірталастар менің есімде. Кейінірек Луиза маған жұмысшы одақтар жұмыссыздарды қолдай алмады, себебі олар не істеу керек екенін білмеді деді. Осы ұстанымдар тұрғысынан одақтар тек кооператив мүшелерін ғана қолдай алды. Бұл, әрине объективті. Өз кезегінде жұмыс берушілер өз көмектерін салықты төмендетуге айырбастауды ұсынды, бұл мүмкін емес еді, себебі осы жағдай білім беру мен денсаулық сақтау сияқты негізгі қызметтердің бюджетіне ықпал етеді. Яғни бұл өте қиын контекст болды. Алдымен біз үйсіздердің алғашқы санағын оларды аштықтан құтқару үшін ғана жүргізу мақсатында жұмысшы тобын құрдық. Кейінірек біз қалдықтарды өңдейтін кооператив құрдық. Бұл Ынтымақтастық Экономикасының бастауы болды. Қайырымдылық қорындағы біздің қызметіміз Ынтымақтастық Экономикасының маңызын көрсетті. Сондықтан біз кооперация принциптерін 100% бейімдеу туралы шешім қабылдадық, ал 1996 жылға қарай мен мұның демократиялық социализм көрінісі екеніне көзім жетті.

ГТ&РО: 2000 жылы Ынтымақтастық Экономикасын талқылау мен жоспарлау үшін екі маңызды алаң құрылды. Ынтымақтастық Экономикасының Бразилиялық Форумы және Еңбек пен жұмыспен қамту Министрлігі. Осы алаңдардың құрылуының саяси мәні туралы айтып бере аласыз ба? Олар Ынтымақтастық Экономикасының ұлттық, мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде жүзеге асуына қалай көмектесті?

П.С.: Бұл 1980 жылдардағыдай ауыр болмаса да жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне қатысты. Кардозо үкіметі барлық қырынан алғанда өте неолибералды. Ол үшін ең бастысы инфляциямен күрес болды, ақшаның құнсыздануымен пайыздық көрсеткіштерді көтеру

әдісімен күресті, нәтижесінде жұмыскерлерге билікпен келіссөзге келу мүмкіндігін төмендеткен жұмыссыздық пайда болды. 2002 жылы Лула сайланғанда, Ынтымақтастық Экономикасы оның үкіметтік бағдарламасының бір бөлігі болады дегенге сенімді еді. Жұмысшы партиясы Ынтымақтастық Экономикасын бейімдеді және оны партия тұжырамдасына енгізді. Лула Ынтымақтастық Экономикасы қозғалысы президенті қызметіне кіріскеннен бастап, Еңбек пен жұмыспен қамту Министрлігінде Хатшылық ұйымдастыруға негіз болған ұлттық жиналыстарды өткізді. Бұл 2003 жылы, Лула қызметке кіріскеннен кейін өте жылдам жүзеге асты. Парламенттің қолдауын алуға бірнеше ай уақытымыз кетті, бірақ нәтижесінде сол жылдың маусым айында Еңбек пен жұмыспен қамту Министрлігінде Хатшылық құрылды. Ынтымақтастық Экономикасының Бразилиялық Форумы Хатшылықпен байланысты болды, өйткені қандай да болмасын әлеуметтік саясатты біз әлеуметтік қозғалыстарсыз жүргізген емеспіз. Мұның мәнісі де болмас еді. Форумның арқасында барлық саясат ынтымақтастық экономикасын түйткілдер, өтініштер мен талаптар туралы хабарламалармен қамтамасыз етіп отырған әлеуметтік қозғалыстармен өзараықпалдасуға негізделді. Бүгінгі күні Ынтымақтастық Экономикасы Амазонкадан Оңтүстікке дейін бүкіл елге тараған. Бұл біз қалағандай үлкен ұйым болмаса да, ауқымы тар қозғалыс емес. Сонымен қатар Хатшылық Ұлттық кеңес құрды, оның мүшелерінің басым бөлігі Форумға қатысады. Хатшылық өз бюджетін Ынтымақтастық Экономикасы кооперативтерін көтеру және қолдау үшін пайдаланады. Әсіресе, Руссефтің алғашқы мерзімінде «Кедейлерсіз Бразилия» бағдарламасына қатыса отырып, солай жасадық. Министрлердің бесеуі немесе алтауы осы бағдарламаның бөлігі болды, Хатшылық қызығушылық танытқандарға кооперативтерді құруға мүмкіндік беру үшін қалалық аудандарда нәтижелі жұмыстың жүргізілуіне жауапты болды. Біздің есептерімізге қарағанда, осы саясат жарты миллион отбасына кедейліктен шығуға көмектесті. Бірақ біз Ынтымақтастық Экономикасына институттық, ресми қолдау көрсеткен бірінші ел емеспіз. Бірінші болған Франция. 2001 жылы Бірінші Әлеуметтік Форумда Ынтымақтастық Экономикасының француз министрімен кездестік.

ГТ&РО: Алғашқы университеттік инкубаторлар қалай басталғаны туралы айтып бересіз бе?

ПС: Инкубаторлар АҚШ-тан бастау алады. Университеттік ортада студенттер мен оқытушыларды кәсіпорындар құруға ынталандыратындығымен маңызды. Олар жақсы жұмыс жасайтыны мәлім. Рио де Жанейродағы Федералдық университет 1994 жылы Ынтымақтастық Экономикасының бірінші инкубаторын жасады. Біздің инкубаторлар ерекшелігі олардың ғылымға емес, көбінде әлеуметтік мәселелерге қызығушылықтарында. Бірнеше жылдан кейін

біз Рионың кедей аудандарында пайда болған танымал кооперативтерді көрдік, бүгінгі күні Бразилияның қоғамдық университеттерінің басым бөлігінде Хатшылық қолдап отырған өз инкубаторлары бар. Бразилия университеттерінде қазіргі таңда 100 инкубатор бар. Осы танымал инкубаторлардың университеттерге ықпалы зор, себебі студенттер экономика, география, әлеуметтік ғылымдар мен инженерия сияқты саналуан кәсіби салаларда. Бірақ бұл негізінен таныстары бар және бастапқыда кедей қауымдастықтардан қолдау мүмкіндігіне ие орта тапқа жататын студенттер. Бұл университеттерге жағымды ықпал етеді.

ГТ&РО: Сіздің ойыңызша, жұмысшылар басқарып отырған экономикалық ұйымның қандай артықшылықтары бар? Заманауи Бразилияда Ынтымақтастық Экономикасы қандай түйткілдерге тап болып отыр?

ПС.: Біздің ең басты жетістігіміз демократия деп айтар едім. Адамдар бірге жұмыс істейді, бірін бірі сыйлайды, бір бірімен бәсекелеспейді. Ынтымақтастық Экономикасының картасы Бразилияда 30.000 белсенді кооперативтер бар екенін, онда үш миллионға жуық адам жұмыс жасайтынын көрсетіп отыр. Бізді қоғамның католик шіркеуі, ұлттық кәсіподақтар мен университеттер сияқты маңызды қоғам мүшелері қолдап отыр. Бұл жаңа және ынталандырушы әлеуметтік тәжірибе. Бразилияда Ынтымақтастық Экономикасы басынан кешіріп отырған түйткілдердің арасында кәсіпорындардың белгілі дәрежеде әлсіздігін айту керек. Олардың көбі 5 жыл ішінде жабылып қалады. Жалпы шағын кәсіпорындар өмірі қысқа. Дегенмен, олардың бәрі шағын емес. Мысалы, «Жаңғыртылған зауыттар» кооперативін алсақ, банкрот болған фабриканың орнына жаңғыртылған кооператив құрылды. Бразилияда қазір 67 осындай кооператив болса, Аргентинада мұндайлар тіпті көп.

ГТ&РО: Бразилиядағы Ынтымақтастық Экономикасы тәжірибесі Латын Америкасы елдерімен және жаһандық деңгейде салыстырғанда қандай баға берер едіңіз?

ПС.: Ынтымақтастық Экономикасы туралы жаңалықтарды күн сайын қадағалап, біліп отырамын. Жергілікті деңгейде шағын кампаниялардың үлкен міндеті – кәсіпорынның әлсіздігін жою. Кәсіпорынның табысы мен сәтсіздіктерін анықтауда ішкі келіспеушіліктер мен текетірестер шешуші болуы мүмкін. Біз келіспеушіліктерді болдырмау жолдарын білуге тиіспіз, дегенмен бірінші кезекте оларды қалай шешу керек екенін түсінуіміз қажет. Мен бүкіл әлем үшін Ынтымақтастық Экономикасындағы мәдени фактордың маңызы туралы қазылық жасай алмаймын, алайда Оңтүстік Африка, Филиппины, Оңтүстік Корея және Еуропадан Латын Америкасына дейінгі басқа елдермен салыстыру демократиялық жұмыс ортасын құрудың маңызына күмән тудырмайды. Біз осыған үйренуіміз абзал. ■

Хаттарды Густаво Танигуттиға gustavotaniguti@gmail.com жолдауға болады.

> Уралунгал:

Үндістандағы ең көне жұмысшы кооперативі

Мишель Уильямс, Витватерсранд университеті, Оңтүстік Африка Республикасы, ХӘҚ Еңбек қозғалысын зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК44)



Үндістандағы Уралунгал көне жұмысшы кооперативіндегі құрылыс.

Үндістанның Керала штатында ғажайып бір жұмысшылар кооперативі 90 жылдан бері экономистердің түрлі сыни болжамдарына қарамастан, жемісті өмір сүріп келеді. Уралунгал Еңбек шарты кооперативі қауымдастығы (УЕШКҚ) 2000 мүшесі бар жұмысшылардың ұжымдық меншігіндегі қуатты құрылыс кооперативі жол, көпір күрделі тұрғын ғимараттарды салумен айналысады. Солтүстік Кераладағы Малабар аймағында орналасқан ауылдың атымен аталған Уралунгал экономикалық ынтымақтастықтың демократия, теңдік, ынтымақтастық, әділдік және интеграциялық желі сияқты сипаты жергілікті баламалы өндірісте көшбасшы болып табылады. Бұл қағидалар кооператив дінгегіне

оның мүшелерінің этосы арқылы енгізілуімен қатар, жұмысшылар қауіпсіздігі, жақсы жалақы және ынталандыруды басты мақсат тұтатын ортақ жарғы негізінде қалыптасқан. Мұны жүзеге асыру үшін тіпті қатал бәсекелестік пен пайда табуға бағытталған келісімшарттар кезінде демократиялық жұмыс жағдайын үйлестіріп, игіліктерді тең бөлу мәселелерін шешу қарастырылған.

УЕШКҚ тың демократиялық және эгалитарлық қағидаларды ұстануы XX ғасырдың басындағы қалыптасу жылдарынан бастау алады. 1930 және 1940 жылдары Малабарда шаруалар мен жұмысшылардың қуатты қозғалыстары белең алып, ұлттық қозғалыстар радикалды сарынға ауысып, Коммунистік партия осы аймақта гегемон ретінде пайда

бола бастағанда Уралунгал саяси ойындар ошағына айналды. Кооперативтің қалыптасу жылдары Малабардың осылай радикалдануы мәселені демократиялық жолмен шешіп, әлеуметтік мақсаттарды алға тартқан, экологиялық тазалықты пір тұтқан және ұжымдық өндіріске бағытталған баламалы экономика этосының құрылуына ықпал еткен болатын. Жылдар бойы аталмыш кооператив өзінің демократиялық ұйымдасуы, ұжымдық шешім қабылдау және баламалы этосын пайдадан жоғары қоюын әрбір жаңа мәселелерді шешуде пайдаланған.

Көптеген экономистер тіпті жұмысшы кооперативтері пайда болып, аман қалып, одан әрі дамығанымен, олар өз жұмысшыларын басқару қағидаларын жоғалтып, қарапайым

>>

капиталистік компанияларға ыдырап кетеді деп жорамалдаған болатын. Мұндай дәйектерге қарамастан, УЕШКҚ сияқты жұмысшы кооперативтердің тұрақты өнімділігі болашақ тәжірибе үшін шабыт беріп, сабақ болды.

УЕШКҚ жетістігінің негізгі себебі кооператив ішіндегі шешім қабылдауға қатыстылық пен тікелей демократия қағидаларын берік ұстануында. Әрі қарай мақалада жетістікке жету жолында шешім қабылдауға қатысу демократиясының орнына көңіл бөлемін.

> Шешім қабылдау және Жұмысшы демократиясы

Кооперативтер қалайша қатаң үйлестіру мен тиімді өнім өндіруді қарапайым капиталистік тәртіпті орнату және ынталандыру тәсілдерінсіз жүзеге асырады? Кооператив жұмысшылар меншігінде болғандықтан, бастықтар өз бұйрықтарын қалайша орындатып, жұмысшылардың өз жұмыс орнын тастап кетпеуін қалай қамтамасыз етеді? УЕШКҚ шешім қабылдауға қатысу мен иерархиялық сатыны құқықтық тұрғыдан қалай реттейді? Осы сұрақтарға жауап беру үшін УЕШКҚ тәжірибесіне жалпы тиімділік және жұмысшылардың басқаруға қатысу үрдісін дамыту тұрғысынан қарауымыз керек.

УЕШКҚ та жылдық жалпы жиналысында жұмысшылар директорлар кеңесін сайлайды және өткен жылғы кооперативтің толық баяндамасын талқылайды. Бұл жалпы кездесу – тек ресми шара емес және директорлар кеңесін тағайындау алдын ала шешіліп қойған мәселе емес. Директорлар кеңесі сайланғаннан кейін, оларға жаңа келісімшарттар жасау, технологияларды таңдау, жұмысшыларды басқа жұмыс орнына тағайындау және т.б. күрделі шешімдерді қабылдауға автономия беріледі. Осылайша, директорлар кооператив ұйымдастырушыларын таңдайды, бұл – капиталистік корпорациялардағы

сайланбайтын басшылар тарапынан тағайындалатын менеджерлермен салыстырғанда, ұйымдастыру тәртібін жұмысшылар таңдайды деген сөз.

Құрылыс алаңдарында құрылыс басшысы ретінде сол жердегі жұмысшылар арасында менеджерлік қабілеттері кеңінен танымал және сенім мен құрметке ие адамдар ғана сайланады. Жұмыс орнының басшылары мен жұмысшылары еңбек бөлінісі мен жұмыс алаңындағы жұмысты ұйымдастыру мәселелерін бірге талқылайды (мысалы кооператив дайындайтын түскі ас та талқыға түсуі мүмкін). Барлық жұмысшылар қабылданған шешімді құптағандықтан, оны орындау жалпыға міндет болып табылады. Жұмыс алаңы бастығының нұсқаулықтары мен өз міндеттерін орындамау және қаржылық заң бұзушылықтар орын алған жағдайда тиісті тәртіптік шара қолданылады.

Демократиялық үрдістер кооператив ішіндегі толассыз коммуникациялар арқылы жүзеге асады. Жұмыс алаңдарының басшылары директорлар кеңесінің күнделікті жиналыстарына қатысады. Барлық жұмыс алаңының басшылары, кеңес мүшелері, техникалық қызметкерлер аптасына бір рет жиналыста бас қосса, барлық жұмысшылар жаңа даму бағыттарын талқылап, өз келіспеушіліктерін білдіре алатын ай сайынғы жиынға қатысады. Қаржы мәселесі толықтай жылдық жалпы жиында талқыланады. Көптеген жиындар уақыт пен қуатты сарқығанымен, бұл ұжымдық меншік, ортақ мақсат, ықпалдастық сезімі мен жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді.

> Басқаруға қатысу және нарықтық бәсекелестік

Жеке құрылыс компанияларымен бәсекелестіктегі УЕШКҚ үшін негізгі мәселе кооператив жұмысшылардың ақысын қысқарту немесе арзан әрі

сапасыз құрылыс материалдарын пайдалану арқылы бағаны түсіре алмайды. Кооператив әрдайым келісімшартты адал орындауды қасиетті қағида санаған, соның арқасында өз беделін жоғалтпаған. Үндістанның қоғамдық жұмыс жобалары өздерінің жемқорлығы мен айла шарғысымен белгілі болғандықтан, бұл артықшылық ерекше рөл ойнайды.

Кооперативтің бәсекеге қабілеттілігі жаңа технология, жұмысшылардың еңбек сүйгіштігі және жауапкершілігімен қамтамасыз етілетін жоғары еңбек өнімділігінің арқасында жүзеге асады. Бұл – құрылыс бизнесіндегі аса маңызды актив. Мысалы, қарапайым қиыршық тасты жолдың сапасы мен құны түрлі жабындардың қалыңдығы, жерді тегістеу, гудрон араластыру және металл қабатын салумен байланысты. Әрбір қадам жұмысшылардың жоғары қабілеті, ынтасы мен жауапкершілігін талап етеді. Құрылыста бірқалыпты құрастыру үшін көптеген жұмысшылардың ынтымақтастығы қажет. Оған қоса, жұмысшылардың жоба мерзімін ұстану ынтасы мен артық шығын шығармау қағидасы кооперативтің жобаны уақытында тапсырып, жемісті болуы үшін маңызды. Сондықтан, жұмысшылардың қабілеті мен жауапкершілігі тек бастық не менеджердің ғана емес, сонымен қатар, кооперативтің де активі болып табылады. УЕШКҚ жомарт сыйақы пакеттері мен тиімді еңбек жағдайын сақтай отырып, шешім қабылдауға белсенді қатысушылықты негізгі басымдылық ретінде қалыптастырды.

Механикаландыру жұмыс алаңдарын өзгертіп, көптеген жұмыс түрлері қажетсіз болды. Сондай ақ, механикаландырумен байланысты қарқынды өзгерістер қауіпті ескере отырып, кооператив демократияны тереңдету үшін үш бағытты жауап тапты: ашықтықты терең сезіну, ашық талқылау; жұмысшылармен

кері байланысты қайта жаңғырту; жаңа қабілеттерді игеру бағдарламасын шыңдау.

Тағы бір жасырын қауіп – қазіргі жұмысшылар арасындағы жауапкершіліктің бәсеңдеуі. Осы уақытқа дейін көптеген кооператив мүшелері оны құрғандардың туыстары болатын, ал бүгінгі жұмысшылардың басым бөлігі кооперативпен туыстық байланысы


да, жергілікті ауданға қатысы да жоқ. Жылдық жиналысқа қатысушылардың басым бөлігі ондағы талқылаулардың сапасына күмәнмен қарайды және жұмысшылар басым бөлігі кооперативпен туыстық байланысы да, жергілікті ауданға қатысы да жоқ. Жылдық жиналысқа қатысушылардың басым бөлігі ондағы талқылаулардың сапасына күмәнмен

қарайды және жұмысшылар УЕШКҚ тың ерекше кооператив ретіндегі өміршеңдігі ондағы саясатқа байланысты. Ол қоғамдағы кооперациялану құндылықтарын нарықтық құндылықтарды ескере отырып дамытуы тиіс. ■

Хаттарды Мишель Уильямсқа michelle.williams@wits.ac.za жолдауға болады.

> Мондрагон кооперативтері: жетістік пен сынақ

Шарын Касмир, Хофстра университеті, АҚШ



Мондрагонның Fagor құралдарын шығаратын жетекші ірі кәсіпорнының банкротқа ұшырауы.

мүмкіндік беретінін алға тартады. Олардың ойынша, бұл өзгерістер – социализмнің бастауы немесе кем дегенде, ондаған жылдарға созылған уланған неолиберализмнен кейінгі анағұрлым демократиялық қарапайым капитализммен қайта қауышу.

Мондрагон өзге кооперативтерден тек көлемі мен жетістігі бойынша ғана ерекшеленбейді. Кооперативтер бірлестігі, тіпті, экономикалық дағдарыс кезінде Испанияның Баск аймағындағы өз мүшелерінің жұмыс орындарын сақтап қалды. Ынтымақтастық этосын жариялай отырып, мүшелер жалақыны қысқарту жолдарын қарастырып, қажет болса, өзге кооперативтер арасында осы қысқартуды бөліседі. Мондрагон өзінің ең жоғары қызметтегі менеджерлерінің жалақысын ең төменгі қызметкерлерге қарағанда тоғыз еседен асырмайды. Бұл көрсеткіш жалпы Испаниядағы 127 есе айырмашылықпен салыстырғанда көңілге қонымдырақ. Мондрагонның еңбектің капиталдан егемендігін сақтау қағидасы жеке салымдар және жаңа жобаға инвестициялар ретінде жинақталатын Каха Лабораальдың артық ақшаны мүшелер арасында бөлуінен көрінеді.

Алайда, Мондрагонды шынайы өмірдегі капитализмге балама ретінде көрсеткісі келетіндер үшін қатардағы жұмысшылар мен жұмыс жағдайлары туралы мәселелер тек қосалқы деңгейде қалып отыр.

Кооперативтері негізінен Баск аймағында шоғырланғанымен, Мондрагон 1990 жылы әлемдік деңгейге ауысып, қазір, әсіресе пост социалистік және дамушы елдерде орналасқан және көбіне төмен жалақысымен ерекшеленетін, жүздеген шетелдік субсидиялық (еншілес) ұйымдары мен бірлестіктері бар. Бұл ұйымдар жұмысшылар меншігінде емес және жұмысшылар кооператив мүшелері сияқты құқықтар мен артықшылықтарға ие емес. Тіпті, Испания мен Баскінің өзінде өнеркәсіптік және бөлшектік сауда

Каржы дағдарысы мен қатаң үнемдеуге қарсы наразылық көтерілістері тұсында АҚШ пен Еуропада пайда болып жатқан капиталистік емес әлеуметтік байланыстар мен ынтымақтастыққа құрылған экономикаға қызығушылық артуда: академиктер мен ондай жүйені қолдаушылар жұмысшылар иелік ететін кооперативтер жұмыс орнын сақтауға, жұмысшылардың билікті өз қолына алуына және ынтымақтастықты дамытуға

>>

кооперативтері көптеген уақытша әрі қысқа мерзімді жұмысшыларды жалдайды. Бүгінде Мондрагон кәсіпорындарының тек жартысы ғана кооператив мүшелері болса, жұмысшыларының үштен екісі мүше емес.

2013 жылы Фагор Электродоместикос 2008 жылғы қаржы дағдарысының салдарынан өзін банкрот деп жариялауы Испанияның үйге қажетті ұсақ түйек нарығын таң қалдырды. Көп жылдан бері Мондрагон ақшасына қаржыландырып келген Фагор брендінің алты елдегі 18 зауытының жұмысы бәсеңдегенде кооператив одан әрі бұл брендті сақтауға құлық танытпады. Банкрот нәтижесінде дағдарысқа дейін 11,000 болған жұмыс орнының 5,600 босады.

Осы жағдай 25,000 тұрғыны бар Мондрагонға жағымсыз әсер етті. Мондрагон мен оның маңындағы қалашықтардағы Фагор мүшелерінің кейбірі ерте зейнетақыға шықса, қалғандары өзге кооперативтерге ауысты, ал келісімшарт жасасқан жұмысшылар мен Фагор субсидиялық компанияларының 3,500 қызметкерлері олай қорғалмады. Басқа кооперативтер субсидиялық компанияларының жұмысшылары да кооператив мүшелері сияқты демократиялық құрылым, артық ақшаны өзара бөлісу сияқты қағидаларды ұстанған болатын.

Польшаның Ворцлав қаласында 2008 жылғы төмен жалақы мен кәсіподаққа қарсы репрессияларға наразылықтар Фагордың үш деңгейлі жұмыс күшін ұйымдастыру, яғни Баскідегі кооператив мүшелері, бүкіл Испания аумағындағы уақытша жұмысшылар, субсидиялық компания жұмысшылары, үлгісі сұрақ тудырды. Жұмыс орнының сақталуы, жақсы жалақы және жұмыс орнындағы қатысушылық Баск аймағынан басқа жерлерде орындалатынына кепілдік бар ма?

Мондрагонның Қытайдағы еншілес кәсіпорындарын шетелдік кооператив иелігіндегі зауыттармен салыстырып зерттегенде, жалақының аз, жұмыс уақыты ұзақ және ауыр жұмыс жағдайы анықталды. Дәл капиталистік бәсекелестері сияқты Мондрагон кооперативтері арзан еңбек күшін пайдалану және қалыптасу үстіндегі жаңа нарыққа жақын болу мақсатында Қытайға инвестиция салып жатыр. Бұл – кооператив мүшелерінің халықаралық даму бағыттарын ұйымдастыру жиналысында дауыс берген стратегиясы.

Еншілес кәсіпорындар кооперативтерге ауысуы мүмкін бе? 2003 жылы Кооператив конгресінде қатыстылық пен демократияны дамыту мақсатында әлеуметтік экспансияға шақырғанымен, түрлі елдердегі құқықтық шектеулер мұны қиындатып отыр. Мондрагонның коммерциялық емес ұйымы АҚШ та Біріккен болат балқытушы жұмысшыларға

кәсіподақтық кооперативтерді дамытуға көмектесу және Питсбургта жаңадан коммерциялық бағдарламамен жұмыс жасау арқылы жаһандық әлеуметтік экономика желісін дамытуға ниетті. Дегенмен, мақсаттары пайданы арттыру емес Баск аймағындағы кооперативтер мен жұмыс орындарын сақтау болса да, Мондрагонның еншілес кәсіпорындары әлі де стандартты компаниялар сияқты әрекет етуде.

Көптеген сарапшылар Мексикалық жұмысшыларды оқытуы мен Галициядағы жеке кәсіпорындарды кооперативтерге айналдырудағы қосқан үлестерін ескере отырып, Мондрагон тобының өзіне мүше емес қызметкерлеріне де құрметпен қарайтынына сенім артады. Өзгелер Мондрагон кооперативтерінің әлемдік стратегиясы капиталистік әлемде өмір сүре аламайтынын алға тартады: кооперативтер қатаң бәсекелестікке түскенде не капиталистік кәсіпорынға айналады не дағдарысқа түседі.

Дегенмен, бұл мәселелердің ұзақ тарихы бар. 1980 жылдардың аяғында цехтағы жұмыс жағдайы, шешім қабылдауға қатардағы жұмыскердің қатысуы кәсіподаққа біріккен жұмысшылары бар көршілес капиталистік зауыттан еш айырмашылығы жоқтығын байқадым. Сондай ақ, сол уақытта белсенді солшыл коалиция мүшесі болған кооператив мүшелерінің Баск еңбек қозғалысымен ынтымақтастығының төмен екенін көрсетті. Мондрагон институт ретінде мұндай саясатты қолдайтынын дәлелдеді және кооператив мүшелері өз жұмыс орындарын сақтап қалса, жергілікті металл секторының жұмысшылары наразылықтарын жалғастырды.

Мондрагон капитализмнен тыс жұмақ болып көрінгенімен, оның тәжірибесінде, мүше жұмысшылар, келісімшарт жасасқан жұмысшылар, арзанқол жұмысшы күші және жұмысшы тап қозғалыстарын назарға алсақ, маңызды сабақ болар дүниелер көп. Мондрагонның жалпы мағынадағы еңбек пен әлеуметтік қозғалыстардың құрылуындағы рөлі қандай және оның эгалитарлық импульстері саяси пікірді қалай бекіте алады? Мондрагон капитализмнен тыс ойлау бастамасын ұсынуымен қатар, оның мысалындағы өзі жүзеге асырып отырған баламалы бизнес үлгісін ұсынуы тап пен билік туралы күрделі сұрақтарды қарастыру үшін құнды болып табылады. ■

Хаттарды Шарын Касмирге sharryn.m.kasmir@hofstra.edu жолдауға болады.

> Грекияда делдалдарға қарсы күрес

Теодорос Ракопулос, Берген университеті, Норвегия¹



Салоникидегі картоп саудасы.

1930-жылдардағы америкалық депрессия кезіндегі транзит немесе рецессия уақытында, шығыс-европалық постсоциалистік өтпелі кезеңде, 2001 жылы Аргентинаны шарпыған дағдарыс тұсында жұмыскерлерге кепілдік ретінде ұсына отырып, жұмыс орындарын сақтап қалу үшін экономикалық дағдарысқа бейресми тойтарыс беруші ретінде (немесе стихиялық, тіпті халықтық) кооперативтер болатын жағдайға Грекия осыдан 6 жыл бұрын тап болды. 2015 жылы Грекия жұмыссыздық деңгейі бір жылда 27% асып түскен ұзаққа созылған рецессияға ұшырағанда дағдарыс жағдайындағы күнделікті өмірдегі әлеуметтік тетіктері мен саяси салада қолдауға сүйенетін, жоғары деңгейде саясиаланған бейресми кооперативтердің шоғырлануы орын алды. Кейде «ынтымақтасу» немесе «балама»

экономика деп аталатын әлеуметтік экономикаға негізделіп, Грекияның барлық түкпіріне шашырай орналасқан өзарабайланыстағы бұқаралық бейресми қозғалыстар радикалданудың жаңа толқынын алып келді.

Соңғы бес жылда бейресми әлеуметтік қозғалыстардың осы бейресми желісінің дамуы грек солшылдарының күннен күнге өсіп отырған танымалдығымен және билік басына Сиризаның (әсіре солшылдар коалициясы) жақындай түсуімен тығыз байланысты. Соған қарамастан осы жағдай белсенділер арасында екіұштылық туғызып отыр: Сиризаның сайлаудағы жеңісі мен партияның жақында үнемдеудің жаңа қатан ережесін қабылдауына байланысты ынтымақтасу экономикасын жақтаушы белсенділер жаңа түйткілдерге тап болды.

> Әлеуметтік қозғалыстардың іс-қимылы

Негізінен бейресми кооператив топтардың маңайына топтасқан осы тәжірибелер – бартер нарығы мен таймбанктер, сондай-ақ әлеуметтік емханалар мен дәріханаларды әлеуметтік қамтамасыз ету үшін ұйымдасу экономикалық аскетизмге балама ұсынып отыр. Грекияның жұмысшы табы мен төменгі орта тап тұратын аудандары әсіресе, 2011 және 2014 жылдар арасында бейресми кооперацияланудың айқын үлгілерін көрсетті. Салоникиде (көлемі жағынан Грекияның екінші қаласы) қаланың және қала маңының көптеген тұрғындары «делдалдыққа қарсы» қозғалыстан ұтты.

Ерікті қатысушылар азық-түлікті бөлуші бейресми кооперативтерді үйлестіре отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің өз өнімдерін тұтынушыларға ашық, уақытша және фермерлік базарларда сатуға көмектесті. 2012-13 жылдары Грекияда осындай 80 топ жұмыс жасады. Осы қозғалыстың шарықтап дамып тұрған 2013 жылдың екінші жартысында тек Салоникидің өзінде әр жексенбі сайын мыңдаған адам келетін онға жуық «флеш» базар болды.

Делдалдарға қарсы қозғалыс азық-түлікті бөлуді басқаратын бейресми кооперативтердің маңайында ұйымдастырылды. Қала белсенділері кедей аудандар мен орта тап тұратын аудандарда, алаңдарда, көлік тұрақтары мен саябақтарда фермерлік базар ұйымдастырды. Осындай жедел ұйымдастырылған базарлар нарықтық делдалдарды

бейтараптандыру үшін ұйымдастырылды. Алыпсатарларға кететін шығынды үнемдей отырып, жас және жаңа өнімдерді қол жетімді етті. Белсенділер жақын орналасқан ауылдық жерлердегі фермерлермен байланысып, оларды базарға шақырды, ұзақ мерзімге ынтымақтастық орнатып, қолдау көрсетті.

Белсенділер тұрақты, бейресми жұмысшы тәртіпті қалыптастырды: фермерлер жас өнімдерді саудадағы бағаның (алыпсатарлардың бағасы) жартысына сататын болды. Осы қатынастар фермерлердің Алтын Арайға (қазір парламенттегі орнына байланысты үшінші партия болып табылатын неонацистік партия) дауыс бермеуін және нәсілшілдік саясатты қолдамауын ұсынатын келісім арқылы заңдастырылған.

> Қозғалыстың баяулауы

Бүгінгі күні жеке үй шаруашылықтарының қажеттіліктеріне бөлудің осы бейресми ауыл-шаруашылық жүйесі қызмет көрсетіп отыр. Соған қарамастан 2013 жылдың соңындағы шарықтау шегінен кейін қозғалыстың көлемі, тәжірибесі мен тіпті бірегейлігі өзгере бастады. Делдалдыққа қарсы топтардың кейбірі қазіргі кезде көрінбейді, сирек жиналады немесе белсенділіктен толық бас тартты.

Делдалдыққа қарсы қозғалыстың негізгі мәселесі - оған достық ниеттің болмауы. Кооперационистер өздерінің «стихиялық» базарларына рұқсат алмаған кезде полицияның қуғынына ұшырады және кейбір фермерлер «қоғамдық кеңістікті заңсыз басып алу» бабы бойынша айыппұл төледі - құқықтық айыптаулар, әдетте Салоники қаласының ашық базарлар Ассоциациясы, делдалдарға қолдаушылар тарапынан болып отырады. Көңіл құлазатын жағдай да орын алады: белсенділердің көбі фермерлердің базарда сауданы ұйымдастыруда жетекші рөл атқарғысы келмейтініне ренжиді.

Екінші мәселе күрделірек және осы бейресми қадамдар тұрақтылыққа

кепілдік бола ала ма деген күдікпен байланысты. Белсенділердің басым бөлігі ресми кооперациялануды талқыға салды, бірақ ол прогресшіл саяси және құқықтық шекараны талап еткен болар еді.

Әрине, осы әрекеттер прогресшіл үкімет тарапынан қолдау таба алар еді. 2015 жылғы қаңтардың басында Сириза үкімет басына келерден бірнеше ай бұрын қозғалыс қалғу кезеңіне қарай аяқ басқан болатын. Мемлекеттік күштеуге тап болып және фермерлерді қозғалысқа белсенді қатысуға толық көндіре алмаған белсенділер «ынтымақтасу экономикасына» жасалатын игілікті жағдайларға үміт артқан еді. Үкіметтегі өзгерістерді күткен белсенділер бейресми кооперативтерді күшейтуге күш салудан алшақтады. Топтық жиналыстардың кейбір қатысушылары «кооптацияға» байланысты мазасыздық туғызды, дегенмен белсенділердің бірі «бір кезде Солшылдар мемлекетті басқарады» деп атап өткендей, ынтымақтасу экономикасын қолдайтын белсенділердің басым бөлігі түбегейлі басқа саяси жағдайдың пайда болатынын күтті. Сайып келгенде, көптеген топтық кездесулер «біз мемлекет жасауы керек нәрсені жасап жатырмыз» деген ойдың маңайында шыр айналып жүрді және жетекші белсенділердің бірі «қозғалыс әлеуметтік мемлекеттің қолдауымен фермерлерді жұмылдыруға оңай ұласуы мүмкін» деген оймен ассамблея кездесуін ұсынды. Әсіресе, Сириза мүшелері қатыса бастаған кезде (немесе, маған бір белсенді қалжыңмен айтқандай, жымсықы топтар), Сириза «әлеуметтік экономиканың жаңа дәуірін» бекітеді деген нақты сенім болды.

> Сириза билікте

Өзінің сайланатынына сенімді бола отырып, партия топтар, бейресми топтар және мемлекет арасындағы байланысты бекіту мақсатында қолшатыр ұйым құрды. Осының бәрі Сириза танымалдығының жаңғырығын үдетіп, экономиканың

ынтымақтастығы үшін аса маңызды халықаралық реңкке ие болды. Бірақ партияның тұғырнамасы бейресми әлеуметтік қозғалыстармен қатынастарды дамытуға бағытталмаған еді. Осының орнына белсенділердің кейбірінің Сиризамен тығыз байланысын, ал басқалардың қозғалыстан аластатылғанын көрсететін тым күрделі хал-ахуалды байқаймыз.

Екі ортада кейбір прогресшіл муниципалитеттер делдалдарға қарсы өз нарығын ұйымдастыра бастағанына қарамастан, экономиканың азық-түліктік ынтымақтастығы саны жағынан да, көлемі жағынан да біртіндеп баяулай бастады. Бүгінгі күні неғұрлым ерекше бейресми қозғалыстар, кейбір белсенділер «кооптация» деп атаған және екінші біреулері «қатып қалу» деп атап отырған жағдайдың бел ортасында не істерін білмей түсініксіз жағдайды басынан кешіріп отыр. Қозғалыстың мемлекеттің қамқорлығына бөленіп, шамалап өзгеруін сипаттай отырып, кейбір белсенділер дөрекі түрде иелену деп аударылатын, іс жүзінде иелену саясаты, яғни бейресми әлеуметтік қозғалыстар өз қуаты мен әлеуетін заңды саясатқа сыйлай отырып, өзінің қызметін тоқтатуын білдіретін танымал «anathesi» іліміне жүгінуде.

Таң қаларлық жәйт, кооперативті әлеуметтік экономика радикал солшыл үкіметтің прогресшіл саясатымен төменгі деңгейде байланысты болғанына қарамастан, билік басына келгеннен кейін Сириза ынтымақтасу экономикасының дамуына күтпеген жерден кедергі болды, бұл партия мен бейресми топтар арасындағы байланыстардың шындығы және ең бастысы, солшылдар ынтымақтасу экономикасын қолдайды деп күтілген еді (қаңтардағы сайлаудың басты мақсаты «үміт ақталады» болғаны мәлім).

Саясимобилизация, ынтымақтастық қозғалысының тіні тарқады, бірақ Салоникидің азаматтық және саяси бедерінде делдалдыққа қарсы

күрестің маңызды ізі әлі күнге жатыр. Әлеуметтік емханалар мен дәріханалар белсенді және салыстырмалы түрде заңды, ал бір кезде делдалдыққа қарсы қозғалыс құрған кооперативті азық түлік дүкені табысты қызмет көрсетіп отыр. Жаңа құтқарушы шаралар мен үнемдеу әдістерін енгізуі Сиризаның аскетизм саясатын құрдымға сүйрей отырып, бейресми әлеуметтік қозғалыстар мен үкімет арасындағы алшақтықтың ұлғаю

мүмкіндігін арттырып, ынтымақтасу экономикасына қатысушылардың көбінің көзі алдында институттанған солшылдарды заңсыздандырды.

Жаңа қатаң үнемдеу саясаты тұрғысынан үкіметтің кооперативті және ынтымақтасу экономикасын толығымен қолдайтын және дамытатын құқықтық негізді дайындайтын артық уақыты жоқ.

Бұл қадам бір белсенді айтқандай «материалдық қажеттілік пен ашу-ызадан туған» қозғалысты тірілте ала

ма? Осы жаңа динамика ынтымақтасу қозғалысын белсенді ете ала ма немесе институттанған солшыл саясат пен қатысушылар арасындағы ыңғайсыз - өзара қарым-қатынасты өзгерте алатынын әлі анықтау керек.

Хаттарды Теодорос Ракопулоске trakopoulos@gmail.com жолдауға болады.

¹ Далалық зерттеулер Веннер-Грен Қорының антропологиялық зерттеулерге арналған рет саны 8856 Гранты аясында жүргізілді.

> Аргентинадағы жаңғыртылған кәсіпорындар

Хулиан Ребон, Буэнос-Айрес университеті, Аргентина



Аргентинадағы жаңғыртылған кәсіпорындардың ішіндегі ең табыстыларының бірі Zanon қыш фабрикасы 2001 жылы жұмысшылардың қолына өтті.

2014 жылдың 11 тамызы таңертең Буэнос-Айрестің Гарин ауданы: Donnelley Graphic-тің 400 жұмыскері фабриканың кіреберісінен мультиұлттық компания өзінің Аргентинадағы кәсібін жабатындығы туралы хабарламаны оқыды. Жұмысшылар жиналыс ашып, зауытты бақылауға алды. Олар кооператив болып ұйымдаса отырып, өндірісті қайта қалпына келтіреді.

Donnelley жұмысшылары 2000 жылдан бері Аргентинада 300 аса компания қолданған стратегия – кәсіпорындарды қайта жаңғыртуға арқа сүйеді. Компания жұмыскерлері дағдарыс кезінде өз кәсіпорындарын басқару және өз жұмыстарын сақтап қалу үшін еңбек кооперативтеріне жиі бірігеді. Осы қорғаныс стратегиялары демократия, ерікті бірігу және ұжымдық меншік сияқты кооперативтіліктің негізгі белгілері компанияларды құруда бұрынғыға карағанда, әлдеқайда демократияшылдау және әділірек.

Аргентинада жұмысшылар 1990-жылдардың соңында, әсіресе, 2001 жылғы дағдарыстан кейін кәсіпорындарды жаңғырта бастады. 1990-жылдардың неолибералдық реформалары экономиканы тығырыққа тіреді, бірақ Аргентинадағы жалпы дағдарыс жұмысшылардың

кәсіпорындарды жаңғыртуының таралуына екі себепке байланысты мұрындық болды. Біріншіден, осы кезеңде жұмыссыздық деңгейінің шарықтап өсуіне және жұмыспен қамтылудың тұрақсыздығына алып келген көптеген зауыттардың жабылуы мен банкротқа ұшырауы. Екіншіден, әлеуметтік қайшылықтар мен күрестің үдеуі салдарынан пайда болған аса күрделі саяси дағдарыс тұрғысынан кәсіпорындарды жаңғырту әлеуметтік қозғалысқа айналды. Еңбек мәдениетімен қатты ерекшеленетін қоғам үшін жұмыссыздыққа қарсы наразылық кең тараған және заңды жобаға айналды.

Кейбір ғалымдар әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстар бәсеңдеген кезде жаңғыртылған кәсіпорындар жоғалады деп болжаған еді, бірақ олай болған жоқ. Төмендегі суретте жаңадан жаңғыртылған кәсіпорындар саны 2002 жылы өзінің шарықтау шегіне жеткеніне қарамастан, экономикалық хал-ахуал жақсарып, жұмыссыздық азайған кезде де басып алу тоқтамағанын көрсетеді.

Жаңа жағдайда жұмысшыларды әлеуметтік-мойындалған құрал ретінде пайдалану жалғаса берді. Экспансияның сақталуына жұмыссыздықтың жоғары деңгейі қолайлы болды, ол төмендегеніне

қарамастан бәрібір әжептәуір деңгейде қалып отырды (соңғы жылдарда 7% мөлшерде) және осы үдерістер үшін аса қайшы болмаған саяси хал-ахуал (ең кем дегенде федералдық деңгейде).



Дерек көзі: Буэнос-Айрес университеті Programa Facultad Abierta деректері негізінде автор дайындаған

Жұмысшылар жаңғыртқан кәсіпорындар әлі сақталатын сияқты. Буэнос-Айрес университетінің Programa Facultad Abierta сәйкес 2013 жылы Аргентинадағы жұмысшылар жаңғыртқан 311 кәсіпорында 13,642 жұмысшы болды. Осы компаниялардың жартысы Буэнос-Айрес метрополиясында орналасқанына қарамастан елдің 24 ауданының 21 ауданында жаңғыртылған кәсіпорындар бар. Негізінен олар тау-кен, тоқыма және тамақ өнеркәсібі саласындағы шағын және орта кәсіпорындар

Жұмысшылар жаңғыртқан кәсіпорындар өздерін сақтай алды және жаңа жұмыс орындарын ашты, олардың арасында жабылып қалғандар саны аз. Соған қарамастан саналуан түйткілдер мен қиындықтарға тап болып отыр. Мысалы, қолданыстағы заңға сәйкес кәсіпорынды қабылдап алушы жұмыскерлер тәуелсіз жұмысшы болып есептеледі, бұл өз кезегінде зейнетақыны, дәрігерлік сақтандыруды және отбасылық

жәрдемақыны төмендетеді. Қазіргі кезде еңбек кооперативтері мемлекеттен жұмыскерлердің басқаруын мойындауды, заңды тұрғыда жалдамалы жұмыскерлер сияқты әлеуметтік жеңілдіктер беруді талап етуде.

Жұмысшылар жаңғыртқан кәсіпорындар өндірістік құрылымдар жұмыскерлерінің заңды иелігін анықтау мәселесімен де бетпе-бет келді. Жұмысшылар қоғамдық иемдену заңдарын жергілікті жерде қолдану және пайдалануға болады деп үміттенген, дегенмен кейбір жағдайда бұл мүліктік құқықты шешуде жеткіліксіз, себебі нәтиже жергілікті билік пен қазылардың қолдауына байланысты.

2011 жылы Банкроттық туралы Заң немесе de Concur-sos y Quiebras банкрот болған жағдайда кооперативке біріккен жұмысшылар банкротқа ұшыраған компанияны сатып алуға еңбек несиелерін пайдалануға болады деп өзгертілген. Осыған қарамастан заң барлық жағдайларды қамтымайды және ол енді ғана қолданыла бастады. Осы тұрғыда меншікке құқықтың анықталмауы жұмыскерлерді қуып шығу мүмкіндігін сақтайды.

Мен осы мақаланы жазуды аяқтаған тұста полиция жақында ғана жаңғыртылған La Robla мейрамханасынан жұмыскерлерді қуып шықса, жаңғыртылған Вауен қонакүйінің жұмысшыларының қолына босату жөніндегі қағаз тиді. Жаңғыртылған кәсіпорындар әлеуметтік тұрғыдан мойындалғанына қарамастан, әлі де заңмен мойындалмай отыр. ■


Хаттарды Хулиан Ребонға julianrebon@gmail.com жолдауға болады.

¹ 2012 жылы Буэнос-Айрес Университеті жанындағы Gino Germani Institute Буэнос-Айрес метрополиясында сұрау жүргізді. Тұрғындардың 73% жаңғыртылған кәсіпорындар туралы білетінін және 93% оны жағымды құбылыс деп санайтынын көрсетті.

> Ақыр заман әлде

капитализмнің соңы ма?

Лесли Склейр, Лондон экономикалық мектебі, Ұлыбритания



| Арбудың иллюстрациясы.

әлемдік капитализм, әлеуметтік демократия және солардың нәтижесінде пайда болған мемлекет түрлерін ұзақ уақыт бойы жокқа шығарып, олардан қашқақтап, керек қылмады.

Бүкіл адамзатты гүлдену мен бейбітшілікке жеткізуде капиталистік жаһандану неге сәтсіздікке ұшырап отыр? Капитализмнің екі өте маңызды кемшілігі – таптық жіктелу дағдарысы (байлар байи түседі, кедейлер кедейлене түседі, ал орта тап түсініксіз жағдайда) және экологиялық тұрақсыздық (капиталистік және социалистік өнімді арттыру догмаларының екеуі де тұтынушылық мәдени идеологияның дамуын жылдамдатты). Бұл (корпорациялық, саяси, кәсіптік және консюмеристік фракциядан тұратын) дағдарыстарды трансұлттық капиталистер және олардың басым тұтынушылық мәдени идеологиялық құндылықтар жүйесімен тікелей байланыстыруға болады.¹

Мұнда мен жай прогресшіл капиталистік емес өзгеріс дамуының негізгі элементтерін көрсетпекпін. Бірінші – көлемі. Алып трансұлттық корпорациялар мен ірі корпорациялық мемлекеттер сияқты кәсіби және тұтынушылық тауарлар мен қызметтер өндіретін ұйымдар адамдардың барлық өмір салаларында басым рөл атқарғанымен, шағын құрылымдар жақсырақ жұмыс істеп адамдардың бақытты өмір сүруін оңай қамтамасыз етеді деп ойлауға болады. Бұл ұялы локализм қиялы емес; мен радикалды және прогресшіл жаһандануға балама ретінде ғаламшардың әрбір тұрғынының жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін әртүрлі деңгейдегі тұтыну заттарын өндіруші кооперативтер (ТӨК) желісін ұсынамын.

Капиталистік емес әлемде жалпы жаһанданудың эмансипациялық әлеуетін жеңілдету үшін ТӨК терді қалай ұйымдастыру қажет? Бұған қарапайым әрі дұрыс жауап – әлемдік анклавтарда жұмыс істеп жатқан миллиондаған шағын кооперативтер сияқты трансформацияның алғашқы

“**К**апитализм біткенінен ақыр заманның келгенін елестетудің оңайырақ болуы» капиталистік жаһандану дәуірінің шынайы болмысы. Капитализмнен басқа, әсіресе, жаңа тарихта орын алған социализм және коммунизм тұрғысында әлемнің даму мүмкіндіктерін қарастырудың орнына, капитализм зұлымдығы төңірегінде талай дүние жазылды. Мұндай көзқарастардан тыс болу үшін, бәрін басынан талдаған жөн. Прогресшіл өзгеріс туралы көзқарастар тарихта болған

кезеңдерінен бастап жұмыс істеуі. Осы мәселеге қатысты өзге де шығармалар прогресшіл белсенділік пен сананы көтеруді шабыттандырғанымен, күрмеуі қиын болып қалып отыр. Шарын Касмир кооперативтік қозғалыстың бір кездері ең үздік үлгісі болған Мондрагонның жаһандық капиталистік жүйе шеңберінде бейімделуге мәжбүр болғандығын көрсетеді. Өзінің Кераладағы Уралунгал еңбек шарты кооперативі бойынша жүргізген кейстік зерттеуінде Мишель Уильямс жұмысшылар билігі үшін қажетті ерекше жағдайларды ашып айтады, бірақ қорытындысында мұндай құрылымның болашағы бұлыңғыр екенін көрсететеді. Пол Сингер берген сұқбатта Бразилиядағы Ынтымақтастық экономикасының адамдарды кедейліктен құтқаруда үміттендіретін нәтижесін ұсынады, бірақ бұл өте қиын міндет және қоғамды толығымен өзгерту жолдары әлі беймәлім. Джулиян Ребонның Аргентинадағы жұмысшылар меншігіндегі зауыттарды талдау нәтижелері капиталистік мемлекеттің мұндай қозғалыстардың дамып, гүлденуіне неге жол беріп отыр деген сұрақ туындатады, себебі Теодорос Ракопулостың Грекиядағы делдалсыз нарықтарда жүргізген зерттеулерінде Сиризаның солшыл «тартып алушылары» қозғалыстарды қолдаудан гөрі басып жаныштауға бейім екенін анықтаған.

Бұл бастамалардың ешқайсысы капиталистік қанау не экологиялық тұрақсыздық мәселелерін шешпейді, сондай-ақ, оңшыл, солшыл не центрист болса да, мемлекет рөлін анықтамайды және бұл бастамалар капиталистік тұтынушылық нарықта жұмыс істемейді. Барлық мемлекет түбінде иерархиялы болады. Тек жергілікті және ғаламтор арқылы байланысқан ғаламдық шағын ТӨК сияқты ұжымдар осы шарасыз тайғақ мәселелерді шешеді деп ойлаймын.

Абақтыдағы жазбалар атты еңбегінде Грамши дағдарыс деп ескінің жойылып, жаңаның қалыптасып үлгермеген кезеңін айтады. Грамшидің өз уақытының (1930) ауыр нышандарын көрсетуі біздің жағдайдан бөлек, мен қазіргі уақыттағы капиталистік гегемониядан туындап отырған дағдарыстың анағұрлым айқын белгілеріне назар аудармақпын.

Тәжірибеден өтпеген болжамдар арқылы бастама өміршендігін қамтамасыз ету үшін нарық бәсекелестігі мен иерархиядан айналып өткісі келеді. Бірінші болжам бойынша ТӨК тегі өздерінің күнделікті жұмыс істеп жүргендер өз қызметін жалғастыра беруі: тамақ өнімдерін өндіру, көлікпен қамсыздандыру, қабілеттерді игеріп, шыңдайтын орындар дайындау, денсаулық сақтауды ұйымдастыру, қуат көздерін игеру және т.б. қызметпен айналысатын жергілікті ұжымдарға ТӨК-терді тікелей не жанама енгізу арқылы жеке немесе мемлекеттік салада қызмет атқарып жүрген көптеген адамдар. ТӨК тер осы жұмысты бүкіл әлемде аз көлемде қазір де атқарып жүр, бірақ мұндай бастамалар капиталистік нарықтармен сыйыспайды. Әлемнің түкпір түкпіріндегі Ұжымдық қолдауға ие ауыл шаруашылығы жүйесі бұл салада жетістікке жетудің ұзақ әрі қиын жолының алғашқы қадамы болып табылады.

Неолибералды идеологтар капиталистік жаһандандудың баламасы жоқтығын алға тартады. Олардың пікіріне құлақ аспай, баламалар жасай бастап және олар өз ортасында

жемісті болса, нарық логикасы жоққа шығып, еленбей қалады. Мен осыны жазғанда бұған сенгісі келетін, бірақ мұны мүмкін емес деп ойлайтындардың жүзінен күлкі байқаймын. Жүз жыл бұрын адам ағзаларының табысты ауыстырылуы, әлемнің кез келген нүктесіндегі болып жатқан оқиғаны тікелей эфир арқылы бақылай алу, Айды басып жүре алу, бірнеше сағатта құрлық аралық сапар шегу, бір мезетте визуалды байланыс орнату туралы ұсыныстар да қияли деп жоққа шығарылған болатын. Әлемдік Әлеуметтік форум ұранында көрсетілгендей: «Басқа әлемнің болуы мүмкін».

Кейбір жағдайларды қоспағанда, әлеуметтану мұндай мәселелер туралы үнсіз қалып отырады; тіпті ондай мәселелерді көтеру Веберлік құндылықты ғылымға араластырмау кәсіби қағидасын ұстанушылар тарапынан мазақ болар ыңғайсыз орта тудырады. Білім ордалары мен ғылыми мектептердің капиталистік емес мәселелерді зерттеуге неге құлықсыз екендігі таңқалдырмайды. Бір қызығы, капиталистік қоғамды сынайтын көптеген зерттеулер бар, бірақ олардың ешқайсысы капитализмге түбегейлі күдік тудырып, оған балама ретінде капиталистік емес қоғам туралы мәселе көтермейді; тіпті, алдыңғы қатарлы әрі прогресшіл ғұлама Е.О.Райт та Шынайы утопияны болжау атты әйгілі еңбегінде осы қорытындыға келген.

Бірақ, жаңа радикалды прогресшіл әлеуметтану үшін капиталистік емес қоғам теориясы мен зерттеу сынағымен беттесетін кез келді. Онда тоқтаусыз өнім өндіру догмасы, капиталистік жаһанданду негізі, әлеуметтік демократия және ортодокстық Марксизм сияқты мәселелер қарастырылар еді. Бұл мәселе думаншыл ғадетті тыю идеясы төңірегінде қарастырылған еді. Оған сәйкес, материалдық жағдай бойынша байлар азырақ байып, кедейлердің материалдық жағдайы түзелсе, материалдық емес тұрғысынан барлығына пайдалы болар еді. Тұтынушылықтың мәдени идеологиясы адам құқығы мен жауапкершілігінің мәдени идеологиясына ауысар еді және ең маңыздысы, барлық адамдардың әлаукааты түзелер еді.

Тек нарықты қолдаудан бас тарту арқылы ғана біз капиталистік жаһандандудың салдарынан құтыла аламыз. Әрине, егер біз тұтынушылық капитализмнің әлсіз тұсын таппасак, бұл мүмкін емес болып көрінеді. Тұтынушылық капитализмнің осал тұсы тұтыну еркіндігінде және тұтынушыларға ылас тамақ пен сусын, ылас мәдениет пен жаман әдетті зорлап қабылдануға болмайды. Капиталистік маркетинг, жарнама және корпорациялық мемлекеттік идеологияның қуаты зор, бірақ балалары мен өздерін нарықтың қалай тоздырып жатқанын ата аналарға түсіндірсе, ғаламшар және оның барлық тұрғындарын құтқару үшін әлі үміт бар. Капитализм мен иерархиялық мемлекет соңын елестете бастау қиын болғанымен, жабулы қазан жабулы қала берсе, капиталистік емес қоғам тек елес болып қала бермек. ■

Хаттарды Лесли Склейрге l.skclair@lse.ac.uk жолдауға болады

¹ Мен бұл мәселелер туралы The transnational Capitalist Class (Oxford: Blackwell, 2001) және Globalization: Capitalism and its Alternatives (Oxford: Oxford University Press, 2002) жазған болатымын.

> Латын Америкасында жаңа кен игеруден

түскен табыстың дауы

Маристэлла Свампа, Ла-Плата ұлттық университеті, Аргентина



Мапуче Аргентинадағы кен өндіруге наразылық білдіруде.

экстрактивизм ашық тау-кен өндірісін, көмірсутегін пайдалануды, ормандардың жойылуына алып келетін балық шаруашылығын дамытуға бағытталған үлкен су электр стансаларының салынуын, ауыл шаруашылығын (соя, пальма майы, биожанармай сынды трансгенді өнім) қамтиды.

Капитал жинақталуының осы кезеңін «шикізат келісімі» деп атады (Svampa, 2011, 2013). 1990-шы жылдармен салыстырғанда Латын Америкасының экономикасына әлемдегі шикізат бағасы оң ықпал етуде. Латын Америкалық үкіметтер экономикадағы шикізат бағасына қатысты тенденцияның артықшылығын қолдап, теңсіздіктің жаңа түрлері мен халықаралық еңбек бөлінісі және аумақ негізінде орын алатын экологиялық, экономикалық және әлеуметтік сәйкессіздікті ескермеді. Мемлекеттердің басым бөлігі мұндай даму үлгісінің кері әсерін көрсететін сын мен әлеуметтік қарсылықты елемей, нәтижелі даму жолы ретінде қабылдады.

Белсенділер мен зиялылар Латын Америкасында капиталдың жинақталу динамикасы мен даму үлгілерін сынап, жаңа экстрактивизм, жақсы өмір, ортақ байлық категорияларын талқылауда. Қазіргі даму үлгілерінің тұрақтылығын сынай отырып, сынаушылар қоғам, экономика және қоршаған орта арасындағы басқа да мүмкін қатынастарды ұсынуда. Бұл пікірталас Эквадор мен Боливияда ерекше қарқынмен жүріп жатыр, себебі бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде билікке келген үкіметтер ХХІ ғасыр басында дамудың балама жолдарын

карастыруға дайын еді.

Соңғы уақытта пікірталастыру күрделеніп барады. Үкімет табиғи ресурстар эксплуатациясын күшейтіп, жаңа экстрактивизм сыны қалыптаса бастады. «Жаңа экстрактивизм» табиғи ресурстарды пайдалануға негізделген капитал жинау үлгісіне айнала отырып, жергілікті және шаруашылық ұйымдардың әлеуметтік-аумақтық қозғалыстарындағы саяси аппараттың негізгі ұғымына айналды. Ірі инвестициялар (ірі кәсіпорындар) арқылы шикізат экспортымен және аумаққа, экожүйеге қауіп төндірумен сипатталатын жаңа

«Шикізат келісімі» аймақтың шикізат өндірісіне қайта оралуын айқын көрсетеді. Латын Америкасының негізгі тұтынушысы болып табылатын Қытай Халық Республикасының осы процестегі орны ерекше. Қытай – 2013 жылы Чили мен Бразилияның шикізат экспортының басым бөлігі жеткізілген ең негізгі ел. Ал, Аргентина, Перу, Колумбия және Куба елдерінің шикізат экспорты көлемі бойынша екінші орында, Мексика, Уругвай, Венесуэлла үшінші орында (Slipak, 2014).

> Шикізат келісімінің кезендері

Шикізат келісімі бірнеше кезеңнен өтті. Оның бастамасы Латын Америкасы қоғамы мен экономика жүйесінде күрделі өзгерістерге алып келген неолибералды жаһандану мен 1990-шы жылдардағы Вашингтон келісімінде жатыр. Мемлекеттер трансұлттық компаниялар мен тау-кен өндірісіне, мұнай игеруге, трансгенді дақылдарды өсіруге жол ашқан жаңа заңдарды қолдады.

1990-шы жылдардың соңында Боливия, Эквадор, Аргентина және басқа елдерде неолибералдыққа қарсы қоғамдық қозғалыстар пайда болды. Осындай процестерден қалыптасқан прогресшіл үкіметтер сыртқы шектеулер мен келіспеушіліктерге қарсы тұра алды. 2003 жылы шикізатқа халықаралық сұраныс пен бағаның өсуі кезінде жоғары кіріс пен салыстырмалы артықшылықтарды біріктіре отырып Шикізат Келісімі де кеңейді. Бірінші кезең кен игерумен байланысты келіспеушіліктердің пайда бола бастауымен және мемлекеттердің трансұлттық компаниялармен жаңа байланыстарды орнатуымен сипатталады. Он жыл ішінде ұлттық қарсылыққа қарамастан

кен игеру жобалары көбейіп, трансұлттық корпорациялар халық шаруашылығында негізгі орынға ие болды.

2009-2010 жылдарда екінші кезең басталды. Осы кезең кен игеру жобаларының көбейе түсуімен сипатталады: Бразилияның Қарқынды экономикалық даму бағдарламасы Амазонкада бірнеше су бөгетін салуды көздейді; Боливияның *gran salto industrial* немесе үлкен өнеркәсіптік секірісі кен игерудің (газ, литий, темір, агроөнеркәсіп) бірнеше жобасын ұсынады; Эквадор ірі тау-кен өндірісін дамытады; Венесуэланың Стратегиялық жоспары Ориноко аймағында мұнай игеруді кеңейтеді; Аргентинаның 2010-2020 жылдарға арналған Ауыл шаруашылық өнімдерінің стратегиялық жоспары соя өсіруді 60% арттыруды және тау-кен өндірісін дамытуды жоспарлап отыр.

Тау-кен өндірісі әлеуметтік-экологиялық наразылықтың тууына түрткі болды. Латын Америкасындағы тау-кен өндірісі келіспеушіліктер обсерваториясы ақпаратына сай 2010 жылы Латын Америкасында 150 қауымдастықты қамтыған 120 келіспеушілік орын алды. 2012 жылы 173 жобаға қатысты 212 қауымдастыққа ықпал еткен 161 келіспеушілік болды. 2014 жылы келіспеушілік саны 198 жетіп, 296 қауымдастықтағы 207 жоба негізінде орын алды. 2015 жылдың сәуіріндегі ресми ақпарат бойынша 218 жобаға қарсы 208 келіспеушілік 312 қауымдастыққа кері ықпалын тигізген. Қақтығыстар ең көп болған ел – Мексика (36 келіспеушілік). Одан кейін Перу (35), Чили (34), Аргентина (26), Бразилия (20), Колумбия (13), Боливия (9), Эквадор (7) (<http://www.conflictosmineros.net/>).

Бұл кезеңде әлеуметтік-экологиялық және аумақтық күрес жергілікті саясат

аумағынан шығып, ұлттық сипатқа ие бола бастады, яғни Боливияның Isiboro Sécuře ұлттық паркін және жергілікті халық шоссенің салынуына қарсы болып отырған жергілікті аумақты (TIPNIS) қорғау; Бразилияның Belo Monte су қоймасын салуға қарсылық; Аргентинаның бірнеше аймағында тау-кен өндірісіне қарсы күрес; 2013 жылы Эквадорда Yasuni-ITT бастамасының және Интаг аймағы милитаризациясының тоқтатылуы. Неолибералдар не консерваторлар басқарып отырған елдерде де толқулар көрніс табуда. 2011-2013 жылдар аралығында Перудің Конго аумағында кен игеру жобасына наразылықта 25 адам қайтыс болды. Қудалау мен зорлық көрсетудің артқанына қарамастан Мексикада тау-кен өндірісі мен дамба салуға қарсы күрес жалғасты.

Үкіметтердің басым көбі қылмысқа жол беріп, қарсылықты баса отырып, жергілікті және байырғы халықтың саясатқа араласуын шектей отырып, кен игеруді қолдауда.

Табиғи ресурстарды, шикізат пен аумақтарды пайдаланудың кеңеюі ұжымдық және экологиялық құқықтарды шектеді, сонымен қатар тәуелсіздік туралы пікірталастар негізінде Боливия мен Эквадор мемлекеттері тұрғындарының үміттерін үзді. Дискурс пен әрекет арасының алшақтауы, кен игеруге қарсы күрестің қылмысқа белшесінен батуы демократиялық шегіністі көрсетіп отыр: прогресшіл үкіметтер классикалық популистік және ұлттық даму үлгісіне негізделген басқарудың дәстүрлі тәртібіне өтуде. ■

Хаттарды Маристелла Свампаға maristellasvampa@yahoo.com жолдауға болады.

Сілтеме

Slipak, A. (2014) "Un análisis del ascenso de China y sus vínculos con América Latina a la luz de la Teoría de la Dependencia." *Realidad Económica* 282: 99-124.

Svampa, M. (2011) "Modelo de Desarrollo y cuestión ambiental en América Latina: categorías y escenarios en disputa," in F. Wanderley (ed.), *El desarrollo en cuestión. Reflexiones desde América Latina*, CIDES, OXFAM y Plural, La Paz.

——— (2013) "Consensus de los 'Commodities' y lenguajes de valoración en América Latina" in *Nueva Sociedad*, 244.

> Эквадордағы ЭКСТРАКТИВИЗМ Жаңа Өмірге қарсы

Уильям Захер және Мишель Баэс, ФЛАКСО (Латын Америкасының әлеуметтік ғылымдар институты), Эквадор



Тундаймада ашық әдіспен кен өндіру үшін болашақ Мирадор мыскеніші тұрағын салу. Замора-Чинчипе, Эквадор. Суретті түсірген Омар Ордонес.

2007 жылы президент Рафаэль Корреа La Revolución Ciudadana (Азаматтық революция) жаңа саяси бағдарламасымен аймақтық және халықаралық қызығушылық тудырды. 2008 жылы Құрылтай қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жаңа Конституцияны бекітті, ал 2009 жылы үкімет ұсынған дамудың алғашқы жоспары (Plan Nacional para el Buen Vivir, Жақсы өмірдің ұлттық жоспары) «Оңтүстік елдері үшін қауіпті бағыт болып табылатын өндіру жолын жалғастыру мүмкін еместігін» мойындай отырып, дамудың үстем парадигмасынан бас тартты. Сондай-ақ, жаңа Yasuni-ITT бастамасы халықаралық

қауымдастық бөлетін қаржыға айырбас ретінде эквадорлық Амазонияда мұнай өндіруді тоқтатып, пост-экстрактивизм Эквадорын құруға бетбұрыс жасайтынына уәде берді. La Revolución Ciudadana саяси жобасын жүзеге асыра бастағаннан жеті жыл өткеннен соң тау-кен өндірісі мен мұнай игеру салаларында Корреа саясатының нәтижесі қандай? Алғашында берілген уәде мен үміттен не қалды?

> Игеру аймақтарының кеңеюі

Соңғы бірнеше жыл ішінде президент Корреа кен орындарын игеру аймақтарын кеңейту туралы үнемі

>>

айтуда. Мұнай саласында мұнай бағасын ұсынудың соңғы екі раундында Амазонканың үш миллионнан астам гектарын игеруге жаңа жағдайлар пайда болды. 2013 жылы Эквадор ИТТ бастамасынан бас тартып, байырғы халықтың және еркін оқшауланған адамдар тобының қонысы болып табылатын Ясуни ұлттық паркінің бір бөлігі кен игеруге ашық болатындығына емеурін танытуда. Осылайша, 2009 жылдан бастап үкімет кен игерудің ірі жобаларын қолдауда. Жобалардың басым бөлігі Эквадорды тау-кен өндірісі еліне айналдыруды мақсат еткен неолибералдық кезеңде қабылданды. Қазіргі таңда мыс және алтын кен орындарын игерумен айналысатын он шақты жоба сезімталдығы жоғары, яғни байырғы халық территориясы мен табиғаты өте бай аумақтарда жүзеге асырылып жатыр.

Тау-кен өндірісі жобаларының маңыздылары трансұлттық компанияларға тиесілі: Интаг жеріндегі Yurimagua жобасы тиесілі Чилидің Codelco компаниясы; Канададағы «заңды айлақтан» эквадорлық активтерін еселендіріп отырған Lundin Mining, Cornerstone және Dynasty Metals сияқты тау-кен өндірісімен айналысатын канадалық компаниялар; Қытай мемлекетінің меншігіндегі Tongling және China Railways компаниялары. Тау-кен өндірісімен айналысатын мемлекеттік ENAMI (Empresa Nacional Minera) компаниясының құрылғанына қарамастан Эквадор қазба байлықтарының игерілуіне еш қадағалау жүргізе алмайды.

Мұнай саласында жаңа үкімет келісімшарттарды қайта қарастыра және мемлекеттік компаниялардың қатысу шекарасын кеңейте отырып, мұнай сатудан мемлекет кірісін көбейтті. Дегенмен, мұнай өндірудің жаңа аймақтары шетелдік компанияларға арналған. Сонымен қатар, соңғы бес жылдың ішінде Эквадор қытай банктерінен \$10 млрд қарыз алған және бұл Эквадордың мұнай өндірісінен алшақтауына ықпал етті, себебі қытай компанияларының қарызы мұнай баррелімен қайтарылуда. Сондықтан, игерілген Эквадор мұнайының 90% осы қарызды өтеуге жұмсалады деп күтілуде.

> Тартып алу арқылы жинақтау

Мұнай және тау-кен өндірісі аумақтарында компаниялар мен мемлекеттік органдар Revolución Ciudadana қалыптастырған құқықтық негізді қолданады. Revolución Ciudadana ірі көлемді игеруді ұйымдастыруға бағытталған материалдық шарттарды бекіту үшін кен өндіруші компаниялардың құрал-жабдықтарын алу және адамдардың жерін тартып алуға негізделген.

Бұл процестер – Дэвид Харви ұсынған «тартып алу арқылы жинақтауының» жарқын мысалы - соңғы 40 жыл ішінде эквадорлық Амазонияда мұнай өндіру нәтижесінде орын алған табиғи және әлеуметтік апаттардың болашақта өршуі алдындағы қорқыныштан кен игеруге қарсы қозғалыстардың (қайта) жандануына алып келді. Әлеуметтік қозғалысқа қосылғандар қатарында шаруалар, Cordillera del Condor мекен ететін сараяқу, шуар және метистер сияқты байырғы халықтар, Интаг және Пакто ылғалды ормандарында өмір сүретіндер, Парамо тұрғындары және Ясуни ұлттық паркін пайдалану бойынша бүкілхалықтық референдум (Сайлаудың ұлттық

кеңесі қолдау көрсетпеді) өткізуді талап еткен Yasunidos сияқты қалалық ұйымдар бар.

> Әлеуметтік наразылықтың маргиналданыуы, репрессиясы және қылмыстық сипаты

Қозғалыстардың кен игеру саясатын сынауын Үкімет қабылдамады. Мемлекеттік пресс-релиздерде де, сенбі күні президент Корреа сөз сөйлейтін бағдарламада да (Sabatinas), мемлекеттік БАҚ та кен игеруге қарсылық білдіргендерді «балалықпен» теңеп, кен игеру «даму» мен «прогрестің» жалғыз жолы ретінде сипаттайды.

Қылмыстық құқық кен игеруге қарсылық білдірушілерді абақтыға қамау құқығын берді. Қозғалыс қатысушыларын қамауда ұстау үшін «терроризм» және «диверсия» ұғымдары кең қолданылды. Басқа да заңнамалық құралдар (мысалы, Código 16) Амазония халқын мұнай компанияларымен қарсы күресте қолдаған Pachamama сияқты үкіметтік емес ұйымдарды жабу үшін қолданылды.

Тау-кен өндірісі мен мұнай өндіруді жүргізіліп жатқан аймақтарда полиция мен әскердің көбеюі жергілікті халық арасында қорқыныш сезімін ұялатты және бірнеше өлімге де алып келді. Сын айтатын белсенділер мен азаматтық қоғам қорыққаннан үнсіз қалды және кен игеру үлгісіне қатысты ашық пікірталас алаңы мүмкін емес болды.

Ірі көлемде кен игеру немесе мұнай өндіруді капитал жинақтау үшін пайдалану процесіне өз құралдарын енгізетін мемлекеттерді «минералды елдер» не «мұнай елдері» деп басқа жұмысымызда (Захер, 2010) анықтағанбыз. Revolución Ciudadana саяси жобасын жүзеге асыру барысында Эквадор мемлекеті аталған әрекеттердің дамуына қажетті материалдық және әлеуметтік жағдай туғызып отыр. Соңғы бірнеше жыл ішінде Рафаэль Корреа Эквадор неолиберал мемлекетін өзгеріске ұшыратты: ел аумағында орын алмаған минералды және мұнай еліне айналдырды.

> «Buen Vivir»-ден не қалды?

Корреа мен оның үкіметі ұсынған кен игеру саясаты ресми құжатпен (бағдарлама) сай келмейді. Ресми баяндамалар «даму» үлгісі мен экономикалық өсуді, адам мен табиғатты қанауды сынап, кен игеруді тоқтату керектігін талап етеді. Бірақ, үкіметтің нақты өмірдегі әрекеті 2008 жылғы Конституция рухын көрсетпейді. Үкімет тау-кен өндірісімен және мұнай игерумен айналысатын компаниялар табиғи ресурстарды қолдануға «жауапты» және бүгінгі таңда кен игеру ертеңгі болашақ үшін қажетті қадам екенін айтуда. Эквадорлық философ Дэвид Кортес Корреаның «Sumak Kawsay» (Buen Vivir) дамудың жаңа парадигмасын ұсынбағанын, агрессиялық кен игеру саясатын заңдастыру құралы не биліктің жаңа тәсілі болғанын көрсетеді. ■

Хаттарды Уильям Захерге william.sacher@mail.mcgill.ca және Мишель Бээске bamic@gmail.com жолдауға болады.

Сілтеме

Sacher, W. "The Canadian mineable pattern: institutionalized plundering and impunity." *Acta Sociológica* 54, January-April 2010, pp. 49-67.

> Мексикадағы қауымдар күресі

Мина Лорена Наварро, Пуэбладағы Benemérita автономды университеті



Сантьяго өзеніндегі өлі балық, Мексика.

Соңғы он бес жылда Мексикада қоршаған ортаны қорғау күресі өршіп тұр. Мұны Маристэлла Свампа (2013) «шикізат келісімі» деп атады, яғни жалпыға ортақ табиғи ресурстардың қолжетімділігі, оларды қадағалау мен басқарудағы келіспеушіліктер. Күрес негізінде үш процестің қатысуымен капитал жинау үшін қоғамдық байлықты тауар ретінде игеру жатыр (Наварро, 2015):

- Ауылдағы шағын кәсіпкерлік пен шаруа қожалықтарының мүддесі ескерілмейтін трансұлттық азық-түлік саласында жаңа агроөндірісін құру;

- Жаңа кен игерумен байланысты жолдардың, порттар мен әуежайлардың, темір жолдар мен туристік ірі жобалардың кеңеюі және ұлғаюы;

- Егіншілік пен қорғауға алынған аймақтарға қауіп төндіріп тұрған ірі инфрақұрылымдық жобалар мен қалалардың үлкеюі нәтижесінде әлеуметтік құрылымның бөлшектенуі.

Биліктің түрлі деңгейі және ұйымдасқан қылмыспен ұлттық және трансұлттық капитал одағы негізінде осындай

>>

өзгерістер орын алды. Кооптациялардың қатысуымен заң стратегиялары қауымдарды қадағалай және бөле отырып, пайдалану мен маркетингтің жаңа салаларын қолдауда.

Ортақ ресурстарды қорғау күресі қатысушыларына қатысты зорлық пен қамауға алу да күрт өсті. Мексиканың қоршаған ортаны қорғау құқығы орталығы (CMDA) 2005-2013 жылдар аралығында қоршаған ортаны қорғаушы 44 азаматтың өлтірілгені, қылмыстың 16 жағдайы, 14 заңсыз күш көрсету және 64 заңсыз қамауға алу орын алғанын хабарлады. Қарсылық қозғалысын басу талпынысына қарамастан, жергілікті және шаруашылық қауымдастықтар, соңғы уақытта қалалық тәуелсіз топтар да Мексиканың түкпір-түкпірінен қарсылық көрсетуін жалғастырды. Ауылдық бірлестіктер орындарынан жылжуына және күнкөріс көзінен айырылуға себеп болатын су электр стансаларын салуға тыйым салу үшін стратегиялық күш көрсете бастады. Геррерода Эхидо мен қауымдар одағы (CECOP) Парота су қоймасын салуға қарсы он екі жылдық сәтті кампаниясымен әйгілі.

Осы он бес жыл ішінде Мексика үкіметі ашық тау-кен өндірісі мен сланц газын алу үшін 24 000 концессия бөлді. Шаруа мен жергілікті қауым арасында қарсылық тудырған тағы бір мәселе – гендік модификацияланған өнім. Орын алған наразылыққа қатысты сот процесінде гендік модификацияланған жүгеріні өсіруге корпорацияларға тыйым салу шешімі қабылданды. Күрестің тағы бір себебі – шикізат тасымалын арзандатуға бағытталған жол, темір жол, порт және әуежай инфрақұрылымдарын дамытуға бағытталған жобалар. Эстадо де Мехикодағы Атенко жерлерін қорғау үшін құрылған Халықтық майдан 2001 жылы тағы да бір рет Мехикода жаңа халықаралық әуежайдың салынуына қарсылық білдірді. Туристік ірі жобалар табиғаты өте бай аймақтар мен шаруалар және балық аулаушылар қауымына қауіп төндіруде. Cabo Pulmo қауымдастығының күресі әлемдік маңызды коралл

рифтерінің жойылуына алып келетін жобаға қарсы күрестің символына айналды.

Мехико және Пуэбло сияқты қалаларда қорғауға алынған немесе ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлерде инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуына қарсы он шақты қозғалыс әрекет етуде. Аймақтардың басым бөлігі ашық жатқан қоқыс пен зиянды қалдықтардан, уланған өзендер мен су ағыстарынан зардап шегуде. Кен өндіру салдарынан мыс сульфатының 40 млн литрі Мексиканың солтүстігіндегі Сонора өзеніне төгіліп, 23 000 тұрғынға зиян келтірді. Тұрғындар Grupo México қарсы Бірлескен майданға бірікті. Сондай-ақ, мемлекеттік мұнай компаниясы PEMEX игеруде бірқатар жарылыс пен улы заттардың таралуы орын алды.

Қауымдастықтар кейде аумақтарын сақтап қалмаса да, кейбір жағдайларда ірі жобалардың толық немесе уақытша тоқтатылуына себепкер болды. Бұған ұжымдық өзін-өзі ұйымдастыру мен басқарудың дәстүрлі түрлері ықпал етті. Мысалы, Мичоакандағы Херан жергілікті қауымы ұйымдасқан қылмыс және ағаш кесушілерден қорғана отырып, ормандардың жойылу қаупін тоқтатты.

Әрине, бұл күрес капиталистік даму қаупі тұрғысынан үлгі аларлық және адами және адами емес өмірді қайта өндіруді қорғаудың мүмкін жолдарын көрсетуші болды. Күрестің екі мақсатты саяси бағдары бар: өз қауымдастықтарымызды өзгертуге бағытталған саясатты қайта ассигнациялау және өмірді символдық және материалдық қайта өндіру жағдайын қайта қарастыру. Ортақ байлықты бөлу және қорғау – адам күнкөрісінің негізі, алайда қауымдар мен бірлестіктердің ортақ байлыққа қолжетімділік пен пайдалануды қадағалауға жіберілуі не жіберілмеуі – адам өркениеті қазіргі заманғы дағдарысындағы басты мәселе. ■

Хаттарды Мина Наварроға mina.navarro.t@gmail.com жолдауға болады.

Сілтеме

Navarro, M. L. (2015) *Luchas por lo común. Antagonismo social contra el despojo capitalista de los bienes naturales en México*. Mexico: ICsyH BUAP/ bajo tierra ediciones.

Svampa, M. (2013) "Consenso de los 'Commodities' y lenguajes de valoración en América Latina" in *Nueva Sociedad*, 244.

> Аргентинадағы жаңа экстрактивизм

Мариан Сола Альварез, Сармьенто Ұлттық Университеті, Аргентина



Мендозада кен өндіруге наразылық, Аргентина.

Аргентинада пайдалы қазбаларды өндіруден басқа бірқатар салалар дамыған, атап айтқанда ауылшаруашылық, тау-кен саласы және соңғы кездері жасанды жолмен қалыпты емес көмірсутектер өндірісінен алдыңғы қатардан көрінуде. Алайда, осы жасанды әдіспен көміртегін өндіру қоғамда бірқатар мәселелерді тудырып отыр.

Агробизнес ауыл шаруашылығының үлгісі ретінде қалыптасқаннан кейін Аргентина жаһандық нарықта трансгенді сояны өндіруден алдыңғы қатарға шыға бастады. Шикізатқа бағаның өсуімен қатар сояны өсіретін жердің көлемі де артқан, атап айтқанда ол 1996 жылы 370 мың гектар болса, ал 2014-2015 жылдары 20,4 миллион гектарға дейін өскен. Соя мен жүгері өңдеудің басым бөлігі экспортқа бағытталуы және жергілікті егіс алқаптарын шетел азаматтары иемденуі, ауыл шаруашылығының бұрынғыдай дәстүрлі шаруашылық

ретінде қабылданбауы – осы түсініктің агробизнесік үлгісін артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталасты шектейді.

Алайда, соя үлгісінің қолдануына наразы бірнеше топ пайда болды. Paren de Fumigar (Фумигацияны Токтатындар) атты ұранмен шыққан азаматтар тобы ұйымдастырған іс-шаралар мынадай: жасанды жолмен қалыпты емес көмірсутегін пайдалану елдімекендерге зиянды ықпалы бар деп айыптаған; бірнеше белсенді топ соя өндіру шаруашылығы қоршаған ортаның бүлінуіне ықпал етеді деп наразылық білдірген; қарапайым шаруалар мен жергілікті қауымдастықтар Ұлттық Орман Заңының орындалуын талап етіп, көшуді тоқтатуға тырысқан.

Әлемде 1990 жылдардан бастап тау-кен ісі қарқын алып, 2000 жылдарға қарай Аргентинада да дами түсті. Әсіресе, Аргентинада алтын және мыс өндіру – соядан кейінгі екінші тез дамып келе жатқан экспорт саласы. Ұлттық Тау-Кен Министрлігінің статистикасына

сүйенсек, экспорт мөлшері 434% өскен, ал басқа салалар тек ғана 3,3% жоғары көтерілген. Жергілікті басқару мекемелері ауылда және қалаларда арнайы тау-кен өнеркәсібін жүргізуге ұсыныстар жасаған.

Нақтырақ айтқанда, Аргентинаның неолибералды саясаты пайдалы қазбалармен ауқымды көлемде жұмыс істеуге мүмкіндік береді, оған 2007 жылғы өзгерістер ықпалын тигізді. Мемлекеттік заң жүйесі өндірудің жаңа үлгісін кеңейту аясында «құқықтық қорғау» мен жоғары табысты қамтамасыз етуге жағдай жасады. Аргентинаның мемлекеттік федералдық мекемесі және 1994 жылғы мемлекеттік конституциялық реформасы арқылы бөлінген арнайы аумағы ауқымды жобаларды жүргізуде басты рөл атқарған. Нәтижесінде, тау-кен ісіндегі ауқымды тау-кен өндіру жобаларының жүзеге асуы жергілікті мемлекеттің рөліне, сонымен қатар аталған саламен айналысатын жергілікті экономикалық, саяси және

мәдени факторларға байланысты.

Аргентинада жаңа тау-кен ісінің жобаларын жүзеге асыруға қарсы ұйымдасқан топтардың ықпалы зор. Тау-кен жобалары аумақтарында «asambleas de autoconvocados» немесе «өз-өздерін құрған қауымдастығы» атты топ, бірқатар наразылық ұйымдастырған. Бірақ, бұл топтардың мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан жергілікті үкіметтің бақылауында өз позицияларын және қылмыстық, әлеуметтік, экологиялық мәселелерге қатысты келіспеушіліктерін көрсете алмаған. Сонымен қатар, осы топтар қоғамдағы ақпаратқа және мемлекеттік экологиялық мекемелерге қол жеткізе алмады.

Неолибералды саясат соя өндірудің және жаңа тау-кен өндіру жобаларының дамуына ғана емес, сонымен қатар, жасанды жолмен қалыпты емес көмірсутегін пайдалануда, әлеуметтік-экологиялық қауіп бар күрделі және даулы іс-шараларға ықпал етті. Бұл тәжірибелік әдіс ірі трансұлттық корпорациялардың қолдауымен өткізілуіне қарамастан, үкімет қалыпты емес көміртегі мен энергия саласын дамытуды ұлттық

мекеме арқылы жүзеге асырып отыр – бұл символдық түрде өте ұтымды шешім, өйткені ұлттық кәсіпорындар қалпына келетін энергияның өз-өзін жетілдіруге кепіл береді.

2013 жылы Шеврон ұлттық кәсіпорны мен Нюген облысының әкімшілігі арасындағы келісім-шартты Аргентинада жасанды жолмен пайдалы қазбаларды өңдеудің бастамасы деп тануға болады. Нәтижесінде, Вака Муерта атты қатпарлы кен орны ашылды, апат азайды, бұл қарсыласушы белсенді топтардың бәсеңдеуіне алып келген. Алайда, қарсы басқа топтар басқа провинцияларда көбейген, әсіресе Патагонияда, алуан секторды қамтыған кәсіпорындар мен жергілікті қауымдастықтар өз аумақтарын сақтап қалу, сонымен қатар су тапшылығын болдыртпау мақсатымен біріккен. Бірнеше провинцияларда, оның ішінде Буэнос Айрес және Энтре Риос бар, жергілікті аумақта пайдалы қазбаларды пайдалануға тыйым салатын заң қабылдаған.

Пайдалы қазбаларды өндіру-ірі орталықтандырылған су және атом электр станцияларының

құрылуы мен оны қайтадан іске қосумен байланысты, сонымен қатар, агробизнесті, үлкен ауқымды тау-кен ісін және қалыпты емес көмірсутегінің өндіруін қолдайтын үлкен инфрақұрылымдық жобалармен байланысты. Арнайы саяси-институттық ұйымдастыру шаралары пайдалы қазбалардың өндіру мен одан табыс алуға жағымды әсер етуі бірнеше үстем факторларға байланысты, атап айтқанда, трансұлттық мекемелерге берілген аумақта адамдардың өмір сүру бейнесін қалыптастыруға қолдау көрсеткен.

Жаңа экстрактивизм үлгісін қарастырғанда, бірқатар мәселелер туындайды, сонымен қатар қандай қоғам қажет екені туралы пікірталас туғызады. Оған қарамастан, қоғамның әртүрлі әлеуметтік, аумақтық, экологиялық құқықтарына ықпал ететін мәселелерге араласуы демократиялық қоғамды құрастыруда өте маңызды рөл атқарады.■

Хаттарды Мариан Сола Альвареске mariansoal@yahoo.com.ar жолдауға болады.

> Ашық әлеуметтануға арналған өмір

Михаил Черныш, Ресей ғылым академиясы, Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығындағы (ХӘҚ) әлеуметтік таптар мен әлеуметтік қозғалыстар зерттеу комитетінің (ЗК47) және Адам Құқықтары мен Әлеуметтік Әділеттілік атты Тақырыптық Топтың мүшесі (ТТ03)



Владимир Ядов.

Владимир Ядов екінші дүниежүзілік соғысқа дейін туылған, бірақ одан кейін кәмелеттік жасқа толған ресейліктердің ұрпағына жатады. Әрбір тасы өжеттілікті, қайғы-қасіретті, сталиндік «тазартуды», 900 күндік блокаданы еске салатын Ленинградта дүниеге келді. Сондай-ақ бұл қала өзінің рухани шығармашылық

алаңында Ахматова, Шостакович және Бродский сияқты әйгілі өнер иелерімен танымал.

Ядов 1945 жылы 16 жаста еді, сол кезде ұшқыш болуды армандаған. Орта мектепті бітіргеннен кейін әскери ұшқыштарды даярлайтын арнайы курсты бастағанымен оны бітіре алмады. Өйткені, өте нәзік және жүдеу болатын, ал

аталған курсқа қайратты, денесі шымырлар алынатын. Ол өз бағытын өзгерткенімен, арманынан бас тартқан жоқ, көкжиекке көз тігіп, бұлттың арғы жағынан күлімдей көрінген күнге ұзақ қарайтын. Осыдан кейін Ядов Ленинград Мемлекеттік Университетінің философия факультетін үздік аяқтап, оқуын аспирант ретінде жалғастырды. 1950 жылдардың басында «Идеология

>>

— рухани қызмет түрі» деген тақырыпта диссертациясын қорғаған, сталиннен кейінгі кезеңде пайда болған әлеуметтану ғылымына, Игорь Конмен кездесуден соң қызыға бастаған. Осы кезеңде әлеуметтану ғылымы Кеңес Одағында көпшілікке аса танымал емес еді. Оның үстіне билік коммунистік идеологияға қарсы, қауіпті деп есептеді, себебі кеңестік қоғамдағы барлық жағдай ғылыми коммунизммен түсіндірілген болатын. Міне сондықтан, кеңестік тарихта ең бірінші қолданбалы зерттеуін жүргізуге шешім қабылдағанда Ядов ұзақ ойланды. Зерттеу тақырыбы шынымен күрделі және өзекті еді, Ядов өзінің пайдасын ортақ игілік үшін құрбан етуге дайын жаңа адамның пайда болуына кеңестік жаңа жағдай алып келеді деген маркстік болжамды зерттеуге ынталанды. Осы зерттеудің нәтижесінде жарық көрген «Адам және оның жұмысы» атты кітап Ресей әлеуметтануына серпіліс берді.

Сол кезде қоғамның социализмге қарым-қатынасы қайшылықтарға толы болды. Оны жақтаушылар жүйені адамзат тарихындағы ең дамыған қоғам ретінде қабылдады. Сонымен қатар, Кеңес Одағын адамзат табиғатының ең жаман жақтарын сіңірген «зұлымдық империясы» деп сынады. Ядов «Кеңес Адамының» басқа елдердегі әйелдер мен ерлерден ешқандай айырмашылығы жоқ екенін көрсетті. «Кеңестік Адам» Ресейдің

гүлденуін қалады, сонымен қатар ол өзінің жеке бақыты мен табысына қол жеткізу үшін өзіндік бағытын анықтай алды. Осыдан бастап, Ядов өзінің эссенциализмге қатты қарсы екендігін ешқашан жасырған жоқ. Ол, тек ғана бір ұлттың не мемлекеттің шекарасында дамитын «жергілікті әлеуметтануды» жасауға қарсы болды. Оның пайымдауынша, қоғамда Кениялық велосипед бола алмайды, өйткені велосипедтер бір-біріне өте ұқсас. Ол Ресей әлеуметтануының әлемдік әлеуметтанушылар қауымдастығымен бірігуін, қолда бар ресурстарды жинақтап, қазіргі заманның әртүрлі мәселелерін зерттеуді қолдады.

Ядов - кеңестік идеологияны алғаш рет сынға алған зерттеушілердің бірі. Игорь Кон, Татьяна Заславская, Борис Грушин, Андрей Здравомыслов, Владимир Шубкин шынайылықты, сөз еркіндігін, әлемге ашық болуды насихаттаған кеңестік әлеуметтанушылардың ауқымды желісінің бір ғана бөлігі болатын. Аталған зерттеушілермен бірге Ядов, әлеуметтік өзгерістерге алып келетін әлеуметтік ғылымның әдіснамасы мен стратегиясын жасауға септігін тигізді. Сондықтан, болып жатқан өзгерістерді белсенді әлеуметтанушылар тобының көмегімен және мультипарадигмалық үлгілер арқылы түсіндірді.

1988 жылғы «Қайта құру» кезінде Ядов Ресей Ғылым Академиясы

Әлеуметтану Институтының директоры болу мүмкіндігіне ие болды. Ядов және оның достары, әлеуметтануды заңды әлеуметтік ғылым ретінде, әлеуметтану факультеттері мен мектептерін ашуға, жас аспиранттарды шетелге тәжірибе жинақтауға, өз қоғамына жаңа көзқарасты қалыптастыруға берілген мүмкіндіктерді оңтайлы қолданды.

Кеңестік кезеңнен кейінгі жылдарға артқан үміт пен күтулер ақталмады, бірақ Владимир Ядов өмірінің соңғы жылдарына дейін сенімін жоғалтқан жоқ. Өмірінің ақырына дейін ресейлік және әлемдік әлеуметтанушылар қауымдастығымен жұмысын жалғастырғысы келген. Өзінің әлсіздігіне қарамастан, басқа елдерге барып, зерттеушілермен пікір алмасып, Ресейді әлемдік әлеуметтанушылар қауымдастығымен байланыстырғысы келген. Біз, әлеуметтанушылар, түсінуге тырысуымыз керек және сол түсінгенімізді басқалармен бөлісуіміз қажет деп жастарға үнемі айтып жүретін. 2015 жылдың 5 шілде күні профессор Ядов қайтыс болды. Оның жылы жүзі және әлеуметтануды дамытуға деген құштарлығы мен ойлары онымен таныс болған адамдардың есінде қалады. ■

Хаттарды Михаил Чернышке mfche@yandex.ru жолдауға болады.

> Ғалым және гуманист

Андрей Алексеев, Санкт-Петербург, Ресей



Ядов Лениннің көлеңкесінде сөйлеп тұр.

Алты жыл бұрын Владимир Александровичтің 80-жылдық мерейтойын тойладық. Ядов 2015 жылы 2 шілдеге қараған түнде 87 жасында ұзаққа созылған ауыр наукастан қайтыс болды. Соған қарамастан, өмірінің соңғы мезеттеріне дейін ақыл-есі айқын, ол тіпті жұмыс жасау қабілетін сақтады.

Ядовпен біздің саламызда үлкен бір дәуір аяқталды. Ол өзінің қатарластарынан ұзағырақ өмір сүрді. Соғыстан кейінгі кеңестік/

орыс әлеуметтануының негізін қалаушылар – Грушин, Левада, Заславская, Здравомыслов, Шубкин – оның алдында кетті. Оның қазасына арналған ондаған некрологтар мен мәлімдемелерді оқыдым. Некрологтар оның кәсіби мансабы мен халықаралық мәртебесін дәлелдеуден тұрады (саяси талғамы бекем болып табылатын мекеме Ресей Ғылым Академиясының мүшесі болып ешқашан сайланған емес). Жеке адамдардың естеліктері оның тұлғалық қасиеттерін сипаттайды және оның өмірі туралы қызықты оқиғаларды баяндайды. Бұл оның

>>

академиялық көзқарасын және оның адами тұлғалық тартымдылығын көрсетудің керемет әдісі болар, осы естеліктерде ғылыми дарыны мен харизмасы суреттелген. Сөз жоқ Ядов интеллектуал болатын, сонымен бірге ол интеллигент еді. Бұл екі ұғым тіпті де синоним емес. Соған қарамастан, Ядов осы ұғымдардың бітісуінің үлгісі бола алады. Мен Ядовтың бір керемет қасиетін айтқым келеді – ол шекараларды оңай қиып өте алатын таң қаларлық қасиеті бар терең білімді болатын. Мысалы, өзінің ғылыми жұмысында және ғылыми өмірінде Ядов саналуан теориялық парадигмаларды біріктіруге тырысты.

Ядов ортодокс маркстіл болған емес. 1960-жылдары Ядов «жалпы әлеуметтанулық теория» ретінде тарихи материализмнің шынайы жақтаушысы болғанына қарамастан ол «нақты әлеуметтанулық ілімдердің» салыстырмалы тәуелділігін қорғады.

«Әлеуметтанулық зерттеудің стратегиялары» деп аталатын оқулығының бірнеше басылымында әлемнің бүкіл түкпірінен жинақталған бірінші кезекте позитивистік парадигмаға негізделген эмпириялық әлеуметтанудан мысалдары кірістірілгеніне қарамастан Ядов позитивизмнің жақтаушысы болған жоқ.

Ядов ресей әлеуметтануының дискурсына «полипарадигмалық» ұғымын енгізді. Ол қандай да

болмасын парадигманы таңдау эмпириялық міндетке байланысты. Ол әлеуметтанудың мүмкіндіктерінің кең көкжиегін көре алды. Осылайша, оның тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқына қатысты болжамдары әлеуметтанудың психологиясы дегеннен жоғары. Ядов үшін пәндік шектеулер жоқ еді.

Ядов мықты академиялық әлеуметтанушы болуымен қатар мықты көсемсөзші болатын. Ол күрделі ғылыми материалдарды аудиторияға ұғынықты тілде түсіндірумен қатар өзінің ғылыми таныстырылымына нақты өмірдің жаңа бағытын енгізе алатын керемет дағдыларды меңгерген еді.

Ядов өзінің академиялық қарсыластары мен теориялық бәсекелестеріне өте ұстамды болатын. Ол «кешіретін», бірақ оларды келемеждеудің кез келген мүмкіндігін мүлт жібермейтін. Билікке де, тіпті өзіне де ол осылайша қарайтын (ирония және өзіндік ирония). Міне осыған қарамастан, Ядов ешқашан билікке ашық оппозициясының өкілі болған емес, ғылыми ақиқатты іздеуі оны жиі оппозицияға қойып отыр.

Ядов жан-жақты білімді және мырза болатын. Оның қанша «өкіл баласы» бар екенін (оның басшылығымен диссертация жазғандар немесе диссертация қорғауда ол «қарсыласы» болған немесе ол әлеуметтік зерттеуші болуға жігерлендірген) мен одан

ешқашан сұраған емеспін және менің ойымша, ол жауап бере де алмаушы еді.

Бір драмалық жағдай есімде. Ядов басқарған ғылыми кеңес өз ойларын, әдетте «құс тілі» деп аталатын түсіну аса қиын стилде білдіретін жас ғалымның диссертациясын ойламаған жерден қабылдамай тастады. Жасырын дауыспен қабылданбаған жұмыс алдын-ала көпшілік алдында сыналмаған еді. Ядов әдеттегідей осы жағдайдан шығудың керемет жолын тапты – ол ізденушінің неғұрлым түсініксіз терминдерін қарапайым академиялық стилде түсіндіретін мақала жазды. Нәтижесінде ол жас, мақсатшыл авторды ғана емес, сонымен бірге ғылыми кеңестің абыройын құтқарып қалды.

Адамдардың мәртебесі олардың өз әлеуметтік шеңберіне және қашықтағы әлеуметтік ортасына, сонымен қатар нақты осы жағдайда бүкіл пәнге ықпалының таралуымен анықталады.

Ядов – алғашқылардың бірі және негіз қалаушы. Оның артынан ергендер оны алмастыра алмайды. Оны тек аса ризашылық сезіммен есте сақтаудан басқа және өз қабілеттеріне сәйкес оның ғылымға, адамдарға және әлемге қатынасына еліктеуге тырысудан басқа ешқандай таңдаулары жоқ. ■

Хаттарды Андрей Алексеевке alexeev34@yandex.ru жолдаңыз

> Ұстаз, әріптес әрі досыма

Татьяна Протасенко, Әлеуметтану институты, Ресей Ғылым академиясы, Санкт-Петербург, Ресей



Ядов саяжайда демалуда.

Мен алғаш рет Владимир Александрович Ядовты Ленинград мемлекеттік университетінің философия факультетінде стенографист әрі студент болып жүрген кезімде кездестірдім. Жаңылыспасам, бұл 1965 жылдың басы болатын. Владимир Ядов Англиядан академиялық тағылымдамадан өтіп келіп, факультетте таныстырылым жасады. Біздің философтардың бір сарынды және түсініксіз әңгімелеріне үйренген мен үшін осы таныстырылым өте қызық және бейресми болғаны соншалық, ойланбастан әлеуметтанумен айналысуға бел будым. Өтініш жазып, әлеуметтану бойынша мамандану ниетімен философия факультетіне қабылдандым. Ол кезде тарихи материализм пәнінің салтанат құрып тұрған кезі болатын.

Мен О.И.Шкаратанның аспиранты болғанымға қарамастан, Ядов менің ұстазым, ақын әріптесім және еліктейтін азамат еді. Кейінірек керемет басшыға айналды және онымен жұмыс жасау бір ғанибет болды.

Ол жаратылысынан әлеуметтанушы болғаны хақ. Жоғары дәрежелі шенеунік, тіпті президент немесе сауалға қатысушы қарапайым адам болсын – бәрібір, ол - барлық адаммен ортақ тіл табысатын қоғамдық әлеуметтанушы. Кісіні менсінбеу оған жат еді, конференциялар мен бейресми кездесулер кезінде өз әріптестерінен ешқашан бөлектенбейтін.

Ұжымдық еңбектен де ешқашан тыс қалмай «Ленсоветовский» ұжымшарында атыз отады, қырыққабат пен шалқам терді – бұл басқа басшылар үшін сирек құбылыс. Шаруашылықтағы әйелдер Ядовты қатты сыйлайтын және оның келуін күтетін. «Әй, профессор, сіз неге көкөністердің бірдейін жинап жатырсыз? Сіз адамдар жейтін шалқамды малға беретіннен айыра алуыңыз керек» деп бригадир оған жылы шыраймен нұсқау беретін. Ядов болса, сол мезетте қалжыңмен жауап таба қоятын және жұмыс жағдайы, фермерлердің өмірі мен отбасылары туралы мәселелерді көтеретін.

Ең қиын-қыстау кезеңдерді бірге өткіздік. Бірақ ол еңсесін түсірген жоқ. Ол ешкімді сатқан емес,

көп кісілерге көмектесті. Шынтуайтына келгенде, адамдарды құтқарды десе де болады. Өмірімнің қиын кезеңдерінде мен оның қолдауына ие болдым. Өзімді қаралаудан қорғау мақсатында және жағдайды бақылап отыру үшін біздің әлеуметтану кафедрасындағы партия комитетінің хатшысы лауазымын иеленуіме де мұрындық болған еді. Әлеуметтану туралы тартыстар мен пікірталастар үшін коммунистік партия сол кезде ең кең тараған қоғамдық кеңістік болғаны дау туғызбайды.

Осы кезеңде зерттеу, сауалнама жүргізуді қойғанымыз жоқ, сонымен бірге детектив әңгімелер оқуды жақсы көретінбіз. Ядов осы жанрды ұнататын, себебі бұл оқиғалар адамның зеректігін дамытады, зердесін шыңдайды, күнделікті білімді толықтырады деп есептеді. Лауазымынан босағаннан кейін Ядов не өзі, не Людмила Николаевна (әйелі) маған қоңырау шалып, жаңа детективті оқиғалар туралы сұрайтын. Сол кезде менің құрбыларым танымал шетелдік жазушылардың детективтері мен романдарының рұқсат берілмеген аудармаларынан тұратын кітаптардың жеке коллекциясын ұстайтын. Олардың Ресейге заңсыз кітап өткізетін шетелде достары мен туыстары да бар болатын. Мен сияқты жазу машинасында тез басатындар көшірмелер жасайтын детектив романдардың қолдан жасалған көшірмелері менің қолымда күні бүгінге дейін бар.

Ядовтың сүйікті әні Александр Галичтің «Біз Нарваның маңайында жерленгенбіз» болатын. Осы әнді гитара немесе шабыт бар жердегі әрбір кездесуде шырқайтын едік. Ядов осы әннің белгілі бір жолдарын ерекше бағалайтын:

Ресей марқұмдарына үн тастаса, ол – қасірет!
Қара да тұр, қателесті – біз керек емеспіз!
Қырық үште сарбаздар босқа өлген алаңда,
Аң аулап, орманшы жүр кернейлетіп

Бірде мен одан дәл осы әнді неге жақсы көретінін сұрадым, ол ән ресейлік тарихтың өне бойында, соғыс немесе бейбітшілік кезінде болсын ортақ мақсат үшін босқа құрбандыққа шалынғандарға

арналған деп жауап берді.

Әлеуметтік-экономикалық зерттеулер институтының 50 жылдығында оған бір бөшке шарап сыйлағанымыз есімде. Ол қатты риза болды және үйіне ыдыс үстіне отырғызып апарып тастауды өтінді. «Елестетіп көріңдерші», - деді ол: «Люка [әйелінің аты] есікті ашады, ал мен бөшкенің үстінде отырмын, айнала тым-тырыс, ешкім жоқ». Ядов осындай еді.

Менің алты айлық ұлыма Будапештен су өткізбейтін шалбар әкелгені есімде. Ол тар болып қалды. «Сіз ұлыңызды тым көп тамақтандырасыз» деп маған ренжігені бар. Соған қарамастан ол достары арқылы шалбарды керек өлшемге ауыстырып бере алды. Бұл Ядов қой – адамгершілігі жоғары, жаныңа жақын, түсінетін және өте ақылды. Кейде оның ойлау әдісі түсініксіз болатын, себебі таң қалдыратын құбылыстарды бір бірімен байланыстыра алушы еді.

Ядов туралы менің соңғы және жаныма жақын естелікке екі жыл болады. Олег Бозковпен екеуіміз оның Эстониядағы үйіне бардық. Ядовтың сүйікті шәкірттерінің бірі, көп уақыттан бері Эстонияда тұратын Алексей Семенов бізді көлікпен жеткізді. Ол кезде Семенов Таллиннің заң шығарушы органына сайлауға қатысуды жоспарлап жүрген. Әйелі Ларисамен бірге Ядовтың күтімін жасады. Шынын айтсам, сол кез менің өмірімнің ең бақытты және ең көңілді кезеңі болыпты. Біз естеліктермен бөлістік, әзіл-қалжың айттық, картини мен қызыл шарап іштік. Әлеуметтанудың бүгінгі рөлі мен орнын, әлеуметтанушылар не істеу керек екенін, және олар заманауи қоғамның түйткілдеріне қалай жауап беруі керек екенін, әсіресе билік оларды жағадан алып тұншықтырғанда не істеуі керек екенін талқыладық.

Оның адамгершілігін, өмірге деген шексіз қызығушылығын және күтпеген болжамдар, қорытындылар және зерттеу нысандарының ұшы қиыры жоқ көлемін біз ұмытқан жоқпыз. ■

Хаттарды Татьяна Протасенкоға tzprot@mail.ru жолдауға болады.

> Менің естелігім

Валентина Узунова, Кунсткамера, Ресей ғылым академиясы, Санкт-Петербург, Ресей



Ядов институттағы тойда.

Владимир Александрович Ядов Философия факультетінде «Қолданбалы әлеуметтанулық зерттеу» курсынан оқыған болатын. Бірде дәрісті беріліп оқығаны соншалық, дәріс оқитын сахнадан кенеттен қалай құлап түскенін өзі де байқамай қалды. Мәселе оның бормен жазып жатқан тақтасы дәріс оқитын сахнадан ұзын болғандығында еді. Біз не істерімізді білмей қалдық, бірақ Ядов түк болмағандай өзінің қалыпты жағдайына тез оралды да дәрісін жалғастырды. Құлағанына қарамай дәріс сахнасында белсенді қимылдауын тоқтатқан жоқ. Ал математикадан дәріс оқитын жас оқытушы тақтаның бетін математикалық теңдеулермен толтырудың орнына, сахнадан құлаудан қорқып, орнынан жылжымаушы еді.

1967 жылы менің әлеуметтануға қызығуыма Владимир Александрович себеп болды. Біз оның қорғауға шығарылған докторлық диссертациясына стенография жүргіздік. Ұсынылған диссертациясы ғылыми қауымдастықтың зор ықыласын тудырды. Ашық қорғау өткен тарих факультетінің мәжіліс залына жиналған қауым тосын жәйды күткен, себебі Ядовты қолдаушы және даттаушы топтардың арасындағы бәсекелестік өрши түсті. Қорғауда болғандар өз пікірлерін жарыса білдіріп жатты. Мұндай жағдайда стенография жүргізу қиынға соқты. Мен Ядовтың қобалжып тұрғандығын сездім. Биік трибунадан бойы көрінер-көрінбес. Ядов маған алдын-ала хаттамаға сай дайындалған мәтінді оқуға мәжбүр болып тұрғандай көрінді. Алайда, ол жиналғандарды риторика мен пікірталас орын алу керек екендігіне сендіруді қалар еді.

Оның пікірталасқа жақындығы ЖАК-қа (Аттестаттау жөніндегі жоғары комиссия) тапсыруы қажет үлкен үйінді құжаттар мен қағаздары бойынша қыруар жұмыс жасап жатқан кезімізде де байқалды. Осы қағаздармен жұмыс жасап жатырғанда күтпеген жерден философия факультетінде оқудың перспективасы туралы не ойлайтынымды сұрады. Оның пікірінше, болашақ әлеуметтануда және әлеуметтанушы болу – мүмкіндігі көп, қызықты жұмыс. Мен оған толығымен сенім арттым және таңдауды дұрыс жасадым.

1970-ші жылдары орын алған оқиғаны баяндайын. Ленинград әлеуметтанушылары комсомолында эмиграцияға кеткен екі әріптесіміз бен досымызға қатысты. Олар Коммунистік партия бюросының пікірін қажетгі деңгейде қолдайтынын көрсетпеді. Бірі шетелдік азаматпен отау құрса, екіншісі отбасының ізімен шетелге жер аударған еді. Кездесуде жазылған пікірлеріміз ресми ұсыныстарда қарастырылған шешімдермен сай келмеді. Біз «шетелге кету жеке бастың ісі және кез келген адам қай елде өмір сүретінін таңдауға құқылы» ұжымдық позициясын ұстандық. Ынтымақтығымыз бен ашықтығымыз қадағалаушы мемлекеттік органдарды мазасыздандыра бастады: «Олар өте ашық айтуда. Мұның артында біреу болу керек...» деген пікірлер орын алды. Салдары кешірек белгілі болды. Басшылық еркін рухты үгіттеушілер, яғни артымызда тұрғандар тізімін анықтады. Оқытушыларымыз қара тізімге ілікті және Владимир Александрович тізімді бастап тұрды. Бұл – ешқашан өз арымен келісімге келмеген Ядов еді. ■

Хаттарды Валентина Узуноваға ymnesterov@gmail.com жолдауға болады.

> Кеңестік және посткеңестік әлеуметтанудағы ірі тұлға

Геворк Погосян, Армения ҰҒА философия, әлеуметтану және құқық институтының директоры, Армян әлеуметтану қауымдастығы президенті, ХӘҚ Миграция (ЗК31) және апаттық жағдайларды (ЗК39) зерттеу комитеттерінің мүшесі

Есімдері ғылыми мектептердің немесе ғылыми бағыттардың қалыптасуымен байланысты ғалымдар бар. Солардың бірі – кеңес заманының пионері, профессор Ядов. Оның ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстары кеңестік әлеуметтанудың дамуына зор ықпал етті. 1960-шы жылдардан бастап Ядовтың ғылыми жұмыстары армян және кеңес әлеуметтанушыларының бірнеше ұрпағын тәрбиеледі. «Адам және оның жұмысы» (1967, А.Г.Здравомысловпен және В.П. Рожинмен бірге), «Әлеуметтанулық зерттеу: әдіснама, бағдарлама, әдістер» (1972) және «Тұлғаның әлеуметтік ғадетін өзіндік реттеуі және болжауы» (қос авторлық) атты әйгілі үш монографиясы кеңестік әлеуметтанушылар үшін ғылыми бағдар қызметін атқарды. Оның еңбектері жас адамдардың біразының әлеуметтану ғылымына келуіне себепкер болды.

Ядовтың іргелі жұмыстары оның көзі тірі кезде кеңестік әлеуметтанудың піріне айналдырды. Онымен сұқбаттасуға, дәрістері мен баяндамаларын тыңдауға немесе түрлі зерттеу мәселелеріне қатысты пікірталастыруға не талқылауға сәті түскен кей армян әлеуметтанушылары ұзақ уақыт бойы әлеуметтануға және Ядовтың жұмысқа қарым-қатынасына қатты қызығатын. Адамның жасына, ұлтына, идеологиялық көзқарасына, ғылыми атағы мен дәрежесіне қарамастан ол барлығына ашық еді. Белгілі бір ортақ келісімге келуді көздемей-ақ сұқбаттасушысына үнемі құрмет көрсетуге тырысатын. Мұны: «Сіз жаңа бірденені түсінуде жетістікке жеткенде және оны басқаларға жеткізе алғанда ләззат аласыз», - деген терең мәнге ие сөздерінен байқауға болады.

Ленинград әлеуметтік және экономикалық мәселелер институтында жұмыс жасаған Ядов дарынды және шығармашыл әлеуметтанушылар ұжымын қалыптастыра алды. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында зерттеу жүргізетін басқа кеңестік мекемелермен салыстырғанда бұл жерде еркін және сыни ойлау ортасы орнады. Осы ерекше жағдайды бойына сіңірген кез келген адам ғалымның



Ядов дәріс оқып тұр.

еркін зерттеу және шығармашылық ойлау рухымен шабыттанады. Армян әлеуметтанушылары Ядовтың ғылыми-зерттеу лабораториясынан тараған өзгерістер мен жаңа идеяларды үнемі сезініп, қабылдадық. Оның ерекше тартымдылығы мен терең зерттеулері бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының жас ғалымдарын еліктірді. Өздерін ғылымға арнаған жас ғалымдардың шығармашылығы мен ерекше ойлауына зор мән берді және ортодокстыққа қатысты сыни позицияларын қолдады.

Ядов еркін және сыни ойлауда ғылыми көзқарастары ортақ виртуалды қауымдастықты құрып және ірі ғылыми мектептің негізгі іргетасына айналғанын өзі де білмеген шығар. Өмірінің соңғы жылдары әлеуметтанушылар «әлеуметтік планеталар қозғалысына» ықпал етуге тырысуы қажет деген пікірін Борис Докторовқа берген сұқбатында айтты. Монографиялары ғылыми зерттеудің жаңа саласының қалыптасуы мен дамуына негіз болған Ядов: «Егер біз, әлеуметтанушылар, тек кітап жазатын болсақ, азаматтық борышымызды өтей алмаймыз», - деген. Ядовтың бұл ойын соңғы «ғылыми аманаты» ретінде қарастыру керек. Армян әлеуметтанушылары оны жоқтайтын болады.■

Хаттарды Геворк Погосянға gevork@sci.am жолдауға болады.